



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Пікір

Қағазбастылықтан арылудың айқын жолы

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлығымен танысып шыққанда, қайта-қайта есеп беру, қағаз жүзінде істеген шаруанды тізіп жазып, басшылыққа қол қойғызып, бұрыштама соққызу сияқты қолыңды байлайтын талай шарадан құтылатын болғанымызға шын мәнінде қуандым.

Театр – ұлтқа қалтқысыз қызмет етіп, елдің рухын көтеретін, тарих пен мәдениетті қастерлейтін мазмұнды, қызықты қойылымдарын бүгінгі заманның талғамы жоғары көрерменінің көңіл төрінен орын алатындай тұрғыда шығаруға жұмыс істейтін сымбатты өнер ордасы. Біз өнерге, көрерменге қызмет етудің орнына кейде басшыларға істеген шаруанды немесе ойға алған жоспар-идеяңды түсіндіріп, дәлелдеумен, оны қағазға түсіріп, көзін жеткіземіз деумен уақыт өлтіреміз.

Жарлықта басшының дербестігін қамтамасыз ететін басқарушылық жауапкершілікті арттыру жүйесін жетілдіру туралы айтылғанымен, оның нақты жолдары көмескі қалып тұрғандай. Жүйелі және қолданбалы шаралар кешені «...мемлекеттік аппаратта шешімдердің қабылдануын жылдамдатады, мемлекеттік органдардағы бірінші басшылардың дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттырады, құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқартады» деген жолдардың өзінен-ақ, алдымызда үлкен, оң өзгерістер күтіп тұрғанын аңғарғандаймыз. Тек оның материалдық-техникалық базасы бізде қандай, техникалық жабдықты, цифрлық құжаттарды рәсімдеудің заманауи әдіс-тәсілдері қалыптасқан ба, болмаса оны қалыптастыруға жергілікті жерлерде бірінші басшылардың мүмкіндіктері жеткілікті ме деген тәртізді ойлар тұр көкейде. Бұл ретте Жарлықтағы өкілеттіктерді орта деңгейдегі басқару буынына беру, қашықтан жұмыс істеу үшін мемлекеттік органдардың басшыларын құралдармен қамтамасыз етіп, жағдай жасау және басқа да мәселелер қарастырылады деген нақты бағыттардың жүзеге асырылуы сөзбұйдаға салынып, созылып кетпесе деп тілейміз.

Жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін құқығымыз кеңейген сайын, жауапкершілік жүгі де арта түсетіні айқын. Сол жауапкершілікті бүкіл ой-санамызбен сезіне отырып, мәртебелі көрерменге қалтқысыз қызмет етуге берілген мүмкіндіктерді молынан пайдаланамыз деп ойлаймын.

90 жылдық тарихы бар С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры – елге қызметтің абыройлы міндет екенін жақсы білетін ұлт өнерінің қарашаңырағы қашанда өздеріңізді өрелі өнерімен қуанта бермек.

Құрман ҚАЛЫМОВ,
С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының басшысы.

Ақорда

Бейсенбіде барша БАҚ жарыса жариялаған жаңалық – ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлыққа қол қоюы. Мемлекет басшысының Жарлыққа қол қойғандығын Ақордадан хабарлады.

Президент «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Бюрократиядан арылудың негізгі қағидаттары форма мәнінің басымдығын, бастапқы қалпы бойынша цифрландыруды, басқарушылық жауапкершілікті, үздіксіз жетілдіруді, регламенттеудің оңтайлылығын айқындайды.

Жарлықта жүйелі және қолданбалы шаралар кешені қарастырылған. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы мемлекеттік аппаратта шешімдердің қабылдануын жылдамдатады, мемлекеттік органдардағы бірінші басшылардың дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттырады, құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқартады.

Атап айтқанда, жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға нормативтік-құқықтық актілерді өздерінің функцияларын заңнамалық деңгейде нақтылап жатпай-ақ қабылдауға құқық беріледі.

Кешенді реинжиниринг негізінде норма шығару және бюджет үдерістерінің мерзімдері мен кезеңдері екі есе қысқарады. Сонымен қатар, ведомстволық есеп беру ісін жүйелеу және автоматтандыру; ақпараттық жүйелерде бар мәліметтерді мемлекеттік органдардың сұратуына тыйым салынады; қағаз түріндегі құжаттарға бұрыштама соғу және олардың парақтарына алдын ала қол қою жойылады; өкілеттіктерді орта деңгейдегі басқару буынына беру; қашықтан жұмыс істеу үшін мемлекеттік органдардың басшыларын құралдармен қамтамасыз етіп, жағдай жасау және басқа да мәселелер қарастырылады.

ЖАҢА ЖАРЛЫҚ: мемлекеттік қызмет бюрократиядан арылады



«Жарлық жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға нормативтік-құқықтық актілерді өздерінің функцияларын заңнамалық деңгейде нақтылап жатпай-ақ қабылдауға құқық беріледі».

**Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ**

Бюрократиядан арылту ісінде мемлекеттік басқарудың барлық саласын цифрлық трансформациялау және жүйелі реинжинирингтеу маңызды саналады. Бұл жұмыстардың негізгі бенефициарлары азаматтар болады. Бұдан бөлек Жарлықта қамтылған шаралар түпкілікті

нәтижеге әсер етпейтін, бірақ мемлекеттік қызметшілерді қажетсіз рәсімдер мен үдерістерден босатуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Мемлекет басшысының саяси және экономикалық реформаларын мемлекеттік аппараттың тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Мәселе

«Дүрлігуге себеп жоқ» қымбаттаса да ұн бар, бидай да жеткілікті



«Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек. Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөңсіз қымбаттауының алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет».

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауынан.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұн қымбаттапты», «бидай тапшы» осындай қауесет әлеуметтік желіде желдей есті. Дүкен сөрелері босай бастады. Өйткені, еліміздегі ұн өндірушілер «1-1,5 аптаға жететіндей» бидай қоры қалғанын, одан кейін диірменді тоқтатуға мәжбүр болатынын айтып дабыл қақты. Анығын білейік деп осы салаға жауапты бірнеше мекемеге хабарластық. Олар «дүрлігуге себеп жоқ» дейді...

3-бетте

Қарағанды қаласы әкімінің назарына!

АШЫҚ ҚАЛҒАН АРЫҚ, АШЫҒАН ХАЛЫҚ

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Теміржолшылар мекені саналатын Сұрыптау кентіндегі көшеде арықтар ашық күйінде жатыр. Не арық дейсіз ғой? Су құбырын жүргізбешкі болған. Алайда, мердігерлер шаруаларын аяқсыз қалдырған. Жарайды, жобаны қаржыландыру немесе аяқтау мерзімі биылғы жылға ауысқан шығар. Десек те, қазылған арықтарға не ескертпе белгі қой-

май, не қоршамағаны мердігердің де, жергілікті биліктің де салғырттығын танытады.

Ол аз десеңіз, Лермонтов көшесінде тау-тау болып үйілген қоқыстың жатқанына да 10 жылға жуықтапты. Не керек, сол жаққа өз аяғымызбен бардық, көрдік, тұрғындардың базынасын тыңдадық.

4-бетте

Ықылас

Уақытты тиімді пайдалануға зор мүмкіндік

Бүгін ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөнінде №872 Жарлыққа қол қойды. Сонымен қатар, бұл Жарлық қол қойылған күннен бастап, күшіне енгізілетінін хабарлады. Бұл дегеніміз бюрократиядан арылудың басты қағидасы форма мәні басымдығын бастапқы қалпы бойынша цифрландыра отырып, басқарушының жауапкершілігін арттыру, регламенттеу оңтайлылығын айқындап отыр.

Жарлықта қолданбалы шараларды жүйелі отырып, оның жүзеге асырылуын мемлекеттік аппаратта шешімдер қабылдауды жылдамдатып болады. Бірінші басшылардың жауапкершілігімен дербес жұмыс атқаруын арттырып, құжат айналымының уақытын қысқартумен қатар есеп беруді азайтады. Яғни, жүктелген міндеттерді нормативтік-құқықтық актіні өздері қабылдауға мүмкіндік беріледі деген сөз.

Сонымен бірге, бюджет үдерістерінің мерзімін екі есе қысқартып, реинжиниринг негізінде норма қалыптасады. Ведомстволық есеп беруді автоматтандыру ақпараттық жүйедегі мәліметтерді мемлекеттік органдар сұраныс салуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Қағаз құжаттарға бұрыштама жазып, қол қою түгелімен жойылады. Қашықтықтан жұмыс істеуге барынша мүмкіндіктер жасалынбақ. Мемлекеттік басқарудың барлық саласын цифрлық трансформациялау және реинжинирингтеу арқылы бюрократиядан арылады. Осы арқылы Мемлекет басшысының саяси және экономикалық оң өзгертулерін мемлекеттік аппарат тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Меруеш БАШАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды облысы қоғамдық кеңестің мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері.



Агрокеңес

Қазақстан шетелден келетін тауарға тәуелді. Әсіресе, мал етінің басым бөлігі шет елден тасымалданады. Ал, отандық фермерлер малын өткізе алмай отыр. «Ауылдағының аузы сасық» деген осы болар. Оның үстіне жайылымдық жердің жоқтығы – жығылғанға жұдырық. Сәйкесінше, жыл санап мал басы да азайып келеді.

Аймақта егіс науқаны мамыр айының ортасында басталады. Тұқым қоры мен техника жеткілікті ме? Қуаңшылықтың алдын алу, ылғал жабу мәселесі қалай жүзеге асуда?

Облыс әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕКТИҢ қатысуымен Осакаров ауданында аймақтағы аграрлық шаруашылықтың аяқ алысы, көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарға сай өткізуге дайындық пен міндеттер сараланған агрокеңес өтті.

Сағыныш ӨБІЛ,
Ortalyq Qazaqstan

Кеңеске облыс әкімінің аталмыш сала бойынша орынбасары С.Шайдаров, «Қазақстан фермерлер қауымдастығының» облыстық филиалы төрағасы И.Жабяқ және аймақтағы шаруашылықтар басшылары қатысты.

Алдыңмен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысы А.Санубаров көктемгі

Шаруаның мұңы – ауылдың қамы



егістік жұмысына дайындық туралы баяндап өтті. – Облыс бойынша жыл сайын егістік алқап пен алынатын өнім көлемі мен сапасы да ұлғайып келеді. 2019-2021 жылдар аралығында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабы 10%-ға ұлғайған. Биылғы жылы дәнді дақылдарды 977,5 мың гектар алқапқа себу жоспарланып отыр. Картоп отырғызу алқабы шаруашылықтарда 11 429 гектарды, көкөністер – 1792 гектарды, майлы дақылдар алқабы – 28 мың гектарды, азықтық дақылдар 81,5 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының сұранысына сай қажетті тұқым қоры жеткілікті, – деді ол.

Алынатын өнім көлемін арттыру және жерді ұтымды пайдалануға минералды тыңайтқыштарды қолданудың маңызы өте зор. Тәжірибе бойынша, минералды тыңайтқыштарды қарқынды қолданатын шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі де жоғары болады. Басқарма басшысының айтуынша, биылғы жылы сатып алынатын тыңайтқыш егістік алқаптардың 40%-ын ғана қамтуға мүмкіндік береді екен.

Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімдерін ұлғайтудың бір технологиясы – суармалы жерлерді айналымға енгізу. Биыл суармалы жерлер алқабын 25,3 мың гектарға ұлғайту көзделіп отыр.

Жалпы көктемгі дала жұмыстарына қатысатын техника да сақадай сай. Қосымша биылғы жылы 1 млрд. 587,6 млн. теңгеге 58 трактор, 3 егіс кешені және 30 топырақ өңдеу агрегаттары сатып алынған. Арзандайланған жанар-жағармай да жеткізіліп, шару-

ашылықтарға таратылуда.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге «Тұқым шаруашылығын субсидиялау», «Гербицидтер құнын субсидиялау», «Минералды тыңайтқыштарды субсидиялау», «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу қызметінің құнын субсидиялау» бағдарламалары бойынша 3 млрд. 76, млн. теңгеге мемлекеттік қолдау қарастырылған. Былтырғы жылғы минералды тыңайтқыш пен пестицидтерге берешекті өтеуге ұлттық қордан 1 млрд. 932,6 млн. теңге қаржы бөлінді.

Ел экономикасының дамуында агро-өнеркәсіп кешенінің маңызы зор. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жеткілікті. Оны сақтау, сапасын көтеру секілді түйткілді мәселелері қосалқы көмекші салалардың көмегімен шешіледі. Осы орайда, агрокеңеске арнайы қатысқан жетекші сала мамандары, қаржы институты өкілдері, ғылыми оқу орындарының қызметкерлері мен шаруашылық басшылары өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

Арнайы мамандар егіс науқаны кезіндегі ауа райы жағдайы, жаңбыр мөлшері мен салқын күндерді тілге тиек етіп, мамыр айының екінші онкүндігі дақыл себуге ыңғайлы екендігін атап өтті.

Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі – қосалқы салалардың қызметіне тәуелді. Ең алдымен ауыл шаруашылығы – техника, жанар-жағармай, зарарсыздандырығыштар мен тыңайтқышқа байланысты. Бұл факторлардың барлығы қаражатқа келіп тірелетіні жасырын

емес. Осы орайда, көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін «Аграрлық несиесі корпорациясының» «Кең дала», «Агробизнес» бағдарламалары аясында 104 шаруашылық 4,18 млрд. теңге көлемінде несиесі алған. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы 99 тауар өндіруші 3,7 млрд. теңге қаржы алған. «Азық - түлік корпорациясы» форвардтық сатып алу бойынша 2 өтімді 289,8 млн. теңгеге қаржыландырды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржы институттары тарапынан көрсетіліп отырған көмек шаруалар үшін қомақты қолдау болып отыр.

Кеңеске Қазақ аграрлық университетінен келген өкіл топырақты агрохимиялық талдау және минералды тыңайтқыштарды қолдану мәселесіне жіті тоқталды. Жылға қатысқан саланың білгір мамандары маңызды минералды тыңайтқыштардың тиімділігіне, әсіресе, азот, фосфордың ерекшелігіне, егістікті зарарсыздандыру, суармалы жүйені

уы жоспарлап отырмыз. Ұлытау ауданы бойынша 26 мың гектарға егін себілмек, диқандардың түйткілді мәселелері басшыларға жетіп отырады, алдағы уақытта шешімін табады деген үміттеміз, – дейді Ұлытау ауданындағы «Бекетай» шаруа қожалығының басшысы Бағдат Бекетаев.

Жылдағы науқан өз ретімен жалғасатыны сөзсіз. Жер жыртқып, ылғал жауып, тұқым сеуіп, қажетті үрдістерді орындағанымен, өсімдікте кездесетін аурулар мен зиянкестердің де алдын алу жауапкершілігі қажет етеді. Аграрлық сала мамандары бас қосқан келелі жиында көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыру мен егістік алқапты күту, тұқым тазалығы, мол өнім алудың алғышарты айтылды. Бастысы диқандарды облыс басшысы қолдайтындығын жеткізді.

– Біз аграршылардың жаңа технологияларды қарқынды қолданысқа енгізіп жатқанын көріп отырмыз. Минералды тыңайтқыштарды, элиталық тұқымдарды көбірек қолданумен қатар өнімділігі жоғары техникаға және цифрландыру жобаларына инвестициялар сала бастады. Мұндай жұмыстың нәтижесі өнім шығару мен оның сапасын арттыру болып табылады, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек. Сондай-ақ, егіс науқанына дайындық барысында туындайтын барлық мәселелерді жедел шешу үшін облыстық штаб құрылып, оны орынбасары Серік Шайдаров басқаратындығын жеткізді.

Жиын соңында, шаруашылық өкілдері түйткілді сұрақтарын қойды. Аймақ бойынша күн тәртібіндегі өткір сұрақ – жайылымдық жерлер тапшылығы тағы да көтерілді. Мал бордақылаумен айналысатын шаруашылықтар мал етін өткізе алмай отырғандығын алға тартты.

– Бүгінде өткізу қиын. Базарда еттің бағасы түсіп кеткен. Базардағы еттің басым бөлігі оңтүстіктен келіп жатыр. Жыл басынан бері осындай қиындыққа тап болып отырмыз. Осыған байланысты бордақылған мал басы өз құнын өтемейді. Сол себепті болар, шаруашылықтар, әсіресе, аналық басты сатып, мал өсіруден бас тартып жатыр. Бұл келешекте еттің қымбаттауы мен ірі қара басының аза-



қолданысқа енгізу, бастысы – тұқымның тазалығы мен сапасы мол өнім алудың кепілі екендігін баса айтты.

Аграрлық саланың білгір шаруагерлері де өз ой-пікірлерін ортаға салды.

– Шаруа қожалығында 6,5 мың гектар жерге егін салуды жоспарлап отырмыз. Қажетті тұқым бар. Жанар-жағармайды келісім-шарт арқылы наурыз айынан бастап ала бастадық. Жыл сайын элита тұқымын алып, сапалы тұқым қорын сақтап келеміз. Көктемгі дала жұмыстарына техникаларымыз 100% дайын. Егіс науқанын 1 маусымға дейін аяқта-

юына әкелмей ме?, – деп өз алғандаушылығын білдірді қожалық басшысы Ерболат Үрімхан.

Тағы бір мәселе, Қуандық Қабдыраш есімді шаруа «ҚазАгро» арқылы ауыл шаруашылығы техникасын рәсімдегенімен, бүгінгі күні түрлі себептерге байланысты қол жеткізе алмай отырғандығын алға тартты.

Жалпы, жиында агросекторды дамытуға қажетті факторлар айтылып, жан-жақты талқыланды. Қойылған сұрақтар облыс басшысының назарында болатындығы айтылды.

Суреттерді түсірген Р.ҚАЛИЕВ.

Пікір

Ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Президент қол қойған бұл Жарлық – жаңа Қазақстанның құрудың тағы бір қадамы, «Халық үніне құлақ асатын Мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру. Кең тараған кейбір жағдайлардағы бюрократиялық кедергілер мен кідірістер кейбір азаматтардың ұмтылыстарын жүзеге асыруына кедергі келтіргенін және шенеуніктер үшін жөн-жосықсыз қалқан ретінде қызмет еткенін баріміз білеміз.

Дамуға негіз болатын қадам

Бұл Жарлықты іске асырудың нақты механизмі мен принциптері бар, ол декларативті емес, конструктивті, мен тіпті – бұл мәселені шешудің кезеңдік механизмі дер едім. Бұл ретте, мен осы Жарлық қазіргі шындықтың сын-қатерлеріне дер кезінде жауап болып табылатынын, белгілі бір форс-мажорлық мән-жайлар мен дағдарыстық жағдайларға қажетті мәселелерді барынша жедел тәртіппен неғұрлым нақты шешуге, жауапкершілікті жоғары тұрған бастықтарға ауыстыру қағидатын алып тастауға мүмкіндік беретініне сенемін.

Осы заңды қабылдау маңызды өңірлік шешімдер қабылдау кезінде ЖАО, жергілікті атқарушы органдар үшін белгілі бір құқықтар береді. Мен кейбір ҚК қоғамдық кеңес мүшесі болсам да, Президенттің Үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың санын екі есе қысқарту туралы шешіміне қосыламын, бұл бірнеше ҚК-те кейбір функциялардың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді. Әрине, қазіргі уақытта заңды енгізу мемлекеттік органдардан жинақылықты талап етеді. Мен құжаттарды қағаз түрінде енгізу формасымен толық келісімге қарамастан, бір нәрсені атап өткім келеді. Өкінішке орай, біз жекелеген мемлекеттік органдардың онлайн-сервистерінің жұмысындағы іркілістерді, интернет желісінің өткізу қабілетінің жеткіліксіздігін айта аламыз. Бұл ретте біз сапалы қолжетімділікті онлайн-сервистерге және т.б. біздің жұмыс орнымыздың кез келген бұрышынан сапалы қол жеткізу қызметін ұсынуды түсініміз керек. Осы Заңның нормаларын іске асыру үшін бұл мәселе түпкілікті шешілуі тиіс. Осы заңнамалық шараларды нақты іске асыру үшін цифрландыру процестерін іске асыру кезінде осы проблеманы есте сақтау, республика азаматтарына зиян келтіруі мүмкін прекурсорларға жол бермеу – өте маңызды. Егер заң нормаларының жалпы орындылығы, конструктивтілігі және уақтылығы туралы айтсақ, онда мен осы актіні толығымен қолдаймын және оның сауатты іске асырылуы біздің мемлекетіміздің одан әрі дамуына негіз болады деп сенемін.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды қаласы
мәслихатының депутаты,
Қарағанды облысы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі,
Қарағанды облысының
Азаматтық альянсының
президенті.

Өңірлерді дамыту

Сарандағы индустриялық аймақ кеңеюде. Шина зауытынан бөлек, тағы екі зауыт салынауда. Өнеркәсіптік алаңда Қарағанды облысының әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК пен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингінің Басқарма төрағасы Қанат ШАРЛАПАЕВ болды.

Шина шығаратын зауыт болашақта Орта Азиядағы ең ірі зауыттардың біріне айналуы мүмкін. Бірінші кезеңде оның қуаттылығы жыл сайын 3,5 млн.өнімді құрайды. Алдағы уақытта өндіріс жылына 9 млн. көпбейінді шинаны ұлғайтатын болады.

Құрылыс 2021 жылы басталды. Жобаны «KamAturesKZ» ЖШС – «Аллюр» компаниялар тобы» АҚ және «Татнефть» ЖАҚ бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады.

«Бәйтерек» холдингінің төрағасына кәсіпорынның 65%-дық дайындығы туралы айтылды. Жоба жетекшісі Артём Крымов құрылыс кезінде ешқандай қауіп жоқ деп сендірді. Жұмыс кесте

Саранда үш зауыт ашылады



бойынша, кейбір жағдайларда тіпті алдын ала орындалатынын айтты.

– Быыл барлық ғимараттар мен құрылыстарды іске асыруға кірістік. Біз барлық іргетастарды сала бастадық, – деді Артём Крымов. – Жабдық үшін іргетастар 70% дайын.

Зауыт осы жылдың соңында ашылады деп жоспарлануда. Мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Зауыт қызметкерлері «Татнефть» компаниясының шиналық кәсіпорындарында тағылымдамдан өтіп жатыр.

– Шина өндіру зауыты – бұл өнеркәсіпті дамыту қоры («Бәйтерек» холдингінің құрылымына кіретін Қазақстанның даму банкінің еншілес ұйымы) қаржыландыратын ірі жоба. Ол жұмыс орындарын құруға және жалпы, елдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға бағытталған, – деп атап өтті Қанат Шарлапаев.

Өнеркәсіптік аймақта мырыштау желісі

бар металл бұйымдарын шығаратын зауыттың құрылысы да жүріп жатыр. Мұнда жарықтандыру тіректері мен діңгектері, тосқауыл жол қоршаулары дайындалады. Өндірісте жоғары және дәлдігі жоғары технологияларды пайдаланатын заманауи жабдықтар сатып алынды. Көп адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда.

Осы аумақта тағы бір компания – KazIsolation – қоспаланған болаттан өнім өндіру бойынша қуып цехын салады. Қуаттылығы – жылына 2 мың тонна. Өнім жергілікті нарықта да, бүкіл Қазақстан бойынша да сұранысқа ие болады.

Сондай-ақ, «Бәйтерек» ҰБХ Басқарма төрағасы автобус зауытына барды. 400 маманнан тұратын команда екі жылдың ішінде өндірісті жолға қойып, төмен еденді қалалық және 10 метрлік автобустардың екі жаңа моделін шығаруды игерді. Автоқұрамдауыштар өндірісі үшін цехтарды кеңейту және қалпына келтіру жоспарда бар.

Қанат Шарлапаев Саран қаласының өнеркәсіптік әлеуетінің зор екенін, оның тұрғындарының тұрақты жұмыс пен табысқа ие болуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Сессия отырысында

Салтанат ИЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XII сессиясында Қарағанды және Ұлытау облыстарының шекарасы нақтыланды. Сессия қорытындысы бойынша Үкіметке нақты ұсыныстар енгізіледі. Ал, ұсыныс бойынша жаңадан құрылатын Ұлытау облысының құрамына Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалалары, сондай-ақ, екі аудан кірмек. Олар – Жаңаарқа және Ұлытау аудандары.

– Бұған дейін бес аймақтың жергілікті әкімдерінің бірлескен шешімдері шығып, қабылданған. Яғни, олардың барлығы халықтың әл-ауқатын, тұрмыс салтын жақсартуға бағытталған, – деді облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов.

Облыстық экономика басқармасының басшысы Азамат Мұқановтың айтуынша, Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық құрылымын анықтау жобалары әзірленген.

– Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев қалаларында, Жаңаарқа, Ұлытау аудандарында 12-13 сәуір аралығында жоғарыда аталған өңірлерді Ұлытау облысына қосу мәселесі бойынша мәслихаттың қалалық-аудандық сессиялары өткізілді. Сессия қорытындысы бойынша жоғарыда аталған өңірлердің мәслихаттары мен әкімдіктерінің тиісті бірлескен шешімдері алынды. Қалалар мен аудандардың экономикалық жағдайы ескеріліп, шешім қабылданбақ. Сонымен қатар, әкімшілік-аумақтық шекараларды көрсете отырып, Қарағанды облысы мен Ұлытау облысының жүйелі картасының жобасы әзірленді, – дейді Азамат Ибрагимұлы.

Басқарма басшысының дерегі бойынша Ұлытау облысының ауданы – 18 893 661 га. Ал, халық саны – 638 мың. Жаңа облыс құрамына Жезқазған,

ҮКІМЕТКЕ ҰСЫНЫС:

Жаңа облыс шекарасы СЫЗЫЛДЫ

Қаражал және Сәтбаев қалалары, сондай-ақ, Жаңаарқа және Ұлытау аудандары кіреді.

Ал, Қарағанды облысының құрамына Қарағанды, Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск және Приозерск қалалары кіреді. Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандары облыс құрамында қалады.

Қарағанды облысының ауданы – 23 904 635 га болса, халық саны – 717 мың.

Азамат Мұқанов өңірді бөлудің орындылығы туралы ғалымдардың оң қорытындысы алынғанын да айтады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ғылыми сараптама жүргізіп, одан бөлек, экономикалық есептеулер жасалған.

Жалпы, мұндай шешім халыққа ыңғайлы болсын деген мақсатпен қабылданған. Сессияға қатысқан аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек солай дейді. Облыс әкімінің айтуынша, жаңадан құрылатын облыстардың барлығы мемлекет тарапынан қолдау табады.

Облыстық мәслихат депутаты Ерболат Сатыбалдиннің «облыстар бөлінгеннен кейін жаңа облыс еңсесін қалай тіктей ала-

ды, жүйе құраушы кәсіпорындар қалай бөлінеді?» деген сұрағына осындай жауап берді.

– Халықтың пікірін ескере отырып, шешімге келіп отырмыз. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС бөлімдері еліміз бойынша бірнеше облыста жұмыс істеп жатыр. Соңдықтан, бөлінген кезде ол үлкен проблема болмайды деген ойдамыз. Жалпы, Ұлытау облысының орталығы – Жезқазғанға ғана емес, моноқалаларға да қаржылай қолдау көрсетіледі, – деді Жеңіс Махмұдұлы. Ал, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС әкімшілік корпусы алдын ала қабылданған шешім бойынша Жезқазғанға көшеді де, қызметкерлері жаңа облыстың құрамында қалады.

Халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында облыс әкімі Ұлытау ауданы, Жезқазған қаласы, Жаңаарқа аудандарында тұрғындармен кездесетінін де айтты. Жеңіс Қасымбек кездесіп қана қоймай, жеке қабылдау да жүргізеді.

Сессия жұмысы барысында Қарағанды облысының 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі де қаралды.

Кәсіпкерлік

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыз-келіншектер бизнес пен өнеркәсіпте қадау-қадау. Дегенмен, саланың қиыншылығы мен қызығын қатар көріп, табысқа жетіп жүрген әйелдер қауымы өңірдің емес, елдің дамуына сүбелі үлес қосуда. Бүгінгі таңда бизнес-те жүрген қыз-келіншектер 6%-дық мөлшерлемемен субсидияланған несие ала алады. Ол үшін 3 млрд. теңгеге дейін қарастырылған. Осы және басқа да мәселелерді талқылау үшін облыс әкімдігі мен АМАНАТ партиясының Қарағанды облыстық филиалы Іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп «Қарағанды облысы – мүмкіндіктер өңірі» атты дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов, АМАНАТ партиясы Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбеков қатысып, алдағы жұмыс жоспарын талқылады.

– Өңірде 60-тан астам нәзік жанды – аудандық, қалалық мәслихат депутаты, 80-нен астамы – түрлі органдарда басшылық қызметте. Бизнес, сот және басқа да салада қызмет істейтін нәзік жандар көп. Бұл статистиканы тере берсек, бүгін бітпейміз. Яғни, бұл дегеніміз – өңірдегі әйелдер қауымы жұмысбастан әрі табысты жандардың қатарында деген сөз. Сондай жандармен кездесіп отырғанымға қуаныштымын. Алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасаймыз. Қандай мәселе болсын бірлесіп шешуге әзірміз, – деді Ербол Шымкентбайұлы.

Аталмыш шара «Қарағанды облысы – мүмкіндіктер өңірі» және «Үлкен аймақтағы әйелдер бизнесі: сәттілік құпиялары» атты 2 бөлімнен тұрды. Табысқа жетіп, кәсіпін дөңгелетіп отырған табысты жандар кездесу барысында жетістігімен бөлісті. Сонымен қатар, шара барысында Бекзат Қомарұлы Қарағанды облысы іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Сауле Шүеновамен әріптестікті нығайту мақсатында меморандумға қол қойды.

– Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналарға қазақ құрметі қашанда жоғары. Бүгінде нәзік жандар өңірдің дамуына үлес қосып, үлкен істе

Іс басында – арулар, аруларға қолдау бар



ұйытқы болып жүр. Қарағанды облысы – мүмкіндіктер аймағы екендігін уақыт дәлелдеді. Біздің жандандыру үшін 400 млн. теңгеге дейін несие беру қарастырылған. Ал, егер кәсіпкер орта немесе ірі бизнес ашамын десе, арнайы ұсынылған бағдарламалар арқылы 400 млн. теңгеден жоғары беріледі. Кәсіпкердің өтініші бес жұмыс күні ішінде қаралып, жауабы беріледі. Егер құжаттары дұрыс болса, банк берілген субсидиялауды қаржылық қолдау шараларын іске асыруда. Бұл жөнінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ директорының орынбасары Евгений Изотов:

– Қордың кәсіпкерге беретін пайдасы не? Біз кәсіпкерге пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялап, кепілдендірілген несие береміз. Жасыратыны жоқ, кәсібін енді бастап жатқан жан немесе оны дөңгелету үшін несие аламын десе, банкке кепілдікке қатын дүниесі болмай жатады. Біз осы тұрғыдан екінші дәрежелі банктен кәсіпкердің алатын сомасының 50%-ына кепіл боламыз. Және аталмыш бағдарлама аясында субсидиялау мөлшерін 6%-ға дейін түсіреміз, – деді ол.

Кәсіпкер несие кез келген қаладан ала алады. Қарағанды қаласындағы кәсіпкерлер үшін екінші деңгейлі банктен 3 млрд теңгеге, басқа қаладан болса 1,5 млрд теңгеге дейін субсидия бөлінген. Бүгінгі таңда субсидияның басым бөлігі өндіріс, медицина және білім саласына негізделген.

«Банк Центр Кредит» банкі шағын және орта бизнес-те жүрген жандарға кәсіпін ұлғайтуға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Шара барысында банк директорының орын-

басары Дмитрий Болотин мәселенің мән-жайын тарақтты.

– Шағын және орта бизнесті жандандыру үшін 400 млн. теңгеге дейін несие беру қарастырылған. Ал, егер кәсіпкер орта немесе ірі бизнес ашамын десе, арнайы ұсынылған бағдарламалар арқылы 400 млн. теңгеден жоғары беріледі. Кәсіпкердің өтініші бес жұмыс күні ішінде қаралып, жауабы беріледі. Егер құжаттары дұрыс болса, банк берілген субсидиялауды қаржылық қолдау шараларын іске асыруда. Бұл жөнінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ директорының орынбасары Евгений Изотов:

– Қордың кәсіпкерге беретін пайдасы не? Біз кәсіпкерге пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялап, кепілдендірілген несие береміз. Жасыратыны жоқ, кәсібін енді бастап жатқан жан немесе оны дөңгелету үшін несие аламын десе, банкке кепілдікке қатын дүниесі болмай жатады. Біз осы тұрғыдан екінші дәрежелі банктен кәсіпкердің алатын сомасының 50%-ына кепіл боламыз. Және аталмыш бағдарлама аясында субсидиялау мөлшерін 6%-ға дейін түсіреміз, – деді ол.

Кәсіпкер несие кез келген қаладан ала алады. Қарағанды қаласындағы кәсіпкерлер үшін екінші деңгейлі банктен 3 млрд теңгеге, басқа қаладан болса 1,5 млрд теңгеге дейін субсидия бөлінген. Бүгінгі таңда субсидияның басым бөлігі өндіріс, медицина және білім саласына негізделген. «Банк Центр Кредит» банкі шағын және орта бизнес-те жүрген жандарға кәсіпін ұлғайтуға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Шара барысында банк директорының орын-

(Соңы. Басы 1-бетте).

ДҮРБЕЛЕН ҚАЙДАН ТУДЫ?

Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында: «Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан кәзіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеліп соқтырды. Тауа уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін» деген болатын.

Дегенмен, нарық өз дегенін істемей қоймайды. «Елімізде қант – қат» деп дүрлігіп, дүкен сөресіндегі құмшекерді таласа-тармаса алып кеткенімізге көп болмай жатып, ұн да қымбаттады. «Бұл қалай болды?» деген халық тағы да базар жағалап кетті. Сөйтсек, «Қостанай облысында диірмендердің жартысынан астамы, Қарағанды облысында 15 диірмен жұмысын тоқтатты. Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары мен Алматыда да диірмендердің басым бөлігі жұмыс істемей тұр. Біз, диірменшілер, екі-үш аптадан бері бидай сатып ала алмай отырмыз. Себебі, ұсыныс жоқ. Осының нәтижесінде ұн бағасы қымбаттады. Қымбатшылықтан қашып құтылу мүмкін емес, себебі біз өндіретін өнімнің өзіндік құнының 85%-ы шикізатқа тәуелді», – деп Астық өңдеушілер одағы тартқан хабарламадан кейін болған дүрбелең болып шықты...

Алайда, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаментінің директоры Азат Сұлтанов: «Аймақтарда нанның бағасы тұрақты, оның өзгеруіне ешқандай негіз жоқ. Ал, жекелеген өңірлердегі кәсіпорындарда шикізат тапшылығы байқалса немесе басқа да өсім байқалса, астық бағасы күрт өссе, астықтың құнын субсидиялау бағдарламасы қолға алынады, ол «Азық-түлік корпорациясы» ресурстары есебінен жүзеге асырылады. Баға өңірлер үшін қазіргі нан өндіруге мүмкіндік беретіндей етіп белгіленетін болады. Айыр-

«Дүрлігуге себеп жоқ»

қымбаттаса да ұн бар, бидай да жеткілікті



машылықты мемлекет субсидиялайды. Яғни, қазіргі уақытта әлеуметтік нан бағасын көтеруге негіз жоқ», – деген болатын бұл туралы.

АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ. ҰН БАР...

Алдымен Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаровтың мәлімдемесіне тоқталайық. Ол өз сөзінде: «Өздеріңіз білесіздер, шикізат тапшылығына байланысты бірқатар ұн комбинаттарының қызметін тоқтатқаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында бірқатар жарияланымдар бар. Сөзімді астық тапшылығы жоқ деп бастағым келеді. Республикада астық жеткілікті. Дүрбелең тудырмауға шақырамыз», – осылай деп Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында елді даурықпауға шақырды. Оның айтуынша, 1 сәуірдегі жағдай бойынша елімізде 6,4 млн.

тонна астық бар. Жыл сайын Қазақстанда 3 млн. тоннаға жуық ұн өндіріледі, оның жартысы экспортталады. «Ішкі тұтынуды ескерсек, бұл өзімізді қамтамасыз етуге және біразын экспортқа, оның ішінде ұн түрінде жіберуге де жеткілікті», – деп қосты Айдарбек Сапаров. Ол ішкі нарықта тапшылық туындатпау мақсатында 2022 жылғы 1 сәуірдегі сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімімен 15 сәуірден 15 маусымға дейін бидай экспортына квоталар енгізу туралы шешім қабылданғанын атап өтті. Бидайға 1 млн. тонна, ұнға 300 мың тонна квота «Сонымен қатар, аймақтарда бидайдың қорын бағалау мақсатында министрлік Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен және жергілікті атқарушы органдармен

бірлесе отырып, ішкі нарықтағы жағдайға мониторинг жұмыстарын жүргізуде», – деп қосты Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі. Ал, бұл жөнінде Қарағанды облысындағы осы салаға жауапты мекемелер не дейді? Соған тоқталайық...

БІЗДЕ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

«Өңірдегі жағдай қалай?» деген сұрақпен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына хабарластық.

Басқармадан: «Соңғы уақытта ұн өндіруге арналған астық тапшылығы туралы ақпарат пайда болды. Бұған дейін облыста астық қоры жеткілікті, тапшылық қаупі жоқ екені бірнеше рет айтылған болатын. Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде таратылатын ақпарат сенімсіз, бұл – нарық субъектілеріне қысым көрсету әрекеті, сондай-ақ жошықсыз бәсекелестіктің көрінісі», – деген мәлімет алдық.

Олардың айтуынша, ішкі нарықта астық пен ұнның қажетті көлемі жеткілікті, егін орағына дейін облыстың ішкі қажеттілігін өтейді екен.

«Бүгінде облыста 300 мың тонна бидай бар. Оның 110 мың тоннасы – тұқым қоры, 190 мың тоннасы – азық-түлікке арналған астық. Облыс бойынша ұтымды нормативтер бойынша ұнға деген жылдық сұраныс 12,3 мың тоннаны құрайды. Астық бойынша – 17,6 мың тонна. Яғни, азық-түлік бидайдың қоры қолда бар көлемі – 190 мың тонна. Бұл – жылдың соңына дейін жететін қор. Сондай-ақ, облыста ұн да жеткілікті екенін хабарлаймыз. Ұн тартатын кәсіпорындардың қоймасында – 11,2 мың тонна ұн бар»,

– делінген арнайы жауапта.

Сондай-ақ, Резервтік қорда 7,7 мың тонна 1 сортты ұн бар, бұл көлем жаңа өнімге дейін әлеуметтік нан пісіруге жеткілікті. Резервтік қордың ұнынан жасалған әлеуметтік нан бүгінде облыстағы сауда орындарына бір белкенің бағасы 85 теңгеден жеткізілуде.

Сонымен қатар, қазан айына дейін 1 сұрыпты бидай ұнынан жасалған таба нан бағасын тұрақтандыру шаралары туралы меморандум аясында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы облысқа 13 750,2 тонна (айына 2 291,7 мың тонна) әлеуметтік астық жеткізілетін болады.

ЕСКІНІ ЖАҢАРТУ НЕГЕ КЕРЕК?

«Негізі Қарағанды облысында 43 ұн тарту кәсіпорны тіркелген, оның ішінде бүгінде 21 кәсіпорын жұмыс істейді, 9-ы өз қызметін уақытша тоқтатты (1 – 2015 жылдан, 5 – 2016-2019 жж., 1 – 2020 жылдан, 2 – 2021), 13 кәсіпорын жабылды. (3 – 2015 жылы, 1 – 2016 ж., 3 – 2017-2018 жж., 1 – 2019 ж., 2 – 2020, 3 – 2021 ж.).» Бұл – ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі.

Осыған қарап отырып, мақала басында айтылған «Биыл Қарағанды облысында 15 диірмен жұмысын тоқтатты» деген сөздің қисынсыз екендігіне көз жетеді. Бұл жерде «Ескіні жаңарту неге керек?» деген сұрақ туындары анық, 15 диірмен жұмысын тоқтатты деп отырғандары, бұған дейін нарықтағы бәсекеге шыдай алмай «ойыннан» шыққан кәсіп иелері. Сонымен қатар, олардың бәрі биыл емес соңғы 7 жылда нарықпен қош айтысқандар...

Ауыл шаруашылығы басқармасы «2021 жылы облыста – 275,1 мың тонна, ал, биылғы жылдың қаңтар-наурыз айларында 68,3 мың тонна ұн өндірілді. Жағдай бақылауда, ұн мен бидай тапшылығы болады деп дүрлігуге негіз жоқ», – дейді.

Ал, облыстық «Атамекен» кәсіп-

керлер палатасының бөлім басшысы Әділ Сейілов:

– Ұн тапшылығы болады деген ақпарат жарықтан кейін, арнайы мониторинг жүргізілді. Негізінде, алаңдауға еш негіз жоқ. Өйткені, кәсіпкерлерден ұн тапшылығы немесе диірмендердің жабылуы туралы мәселелер кейінгі уақытта туындаған жоқ. Ескі ақпаратқа сене беруге болмайды, – деген уәжді алға тартты.

Қарағанды облысында 15 диірмен үздіксіз жұмыс істеп тұр. Бұл – «Мутлу» компаниялар тобының бас директоры Дос-Мұқасан Тәукебаевтың айтқаны.

– Бұл әңгіме 17 наурызда Ресей бидайды экспорттауға шектеу қойғаннан кейін басталды. Осының кесірінен бұрын бидайдың 1 тоннасы 115 мың теңге болса, бүгінгі күні 160 мың теңгеге бірақ секірді. Салдарынан 50 келілік бірінші сұрыпты ұн бағасы 9 300 теңгеге бірақ жетті. Үкіметке диірменшілер үндеу жолдадық. Онда, біз, астықты өз диірмендеріміздан сатып алуды, сонымен қатар, қолда бар астықты шетелге сатуды күзге дейін шектеуді сұрадық. Шаруаларды да түсінуге болады. Қырмандағы астығын қымбатқа беріп, шаруашылығын түзетіп алғысы келер. Бірақ, қымбатшылық кесірі қара халықтың қалтасын қағатынын түсінуіміз керек-ақ.

Ауыл шаруашылығы министрлігі қамба толы дейді. Бірақ, сол астық қайда? Неге, ашығын айтпайды? Осы сұрақтар бізді мазалайды.

Анығы, әлеуметтік нан қымбаттамайды. Ал, дүкен мен базарда қымбатшылық болуы ықтимал. Дегенмен, біз сұрағандай 1 тоннаға 130 мың теңгеден қылса, ұн бағасы қазіргі бағадан әжептәуір арзандар еді, – дейді Дос-Мұқасан Әріпұлы.

Қазіргі таңда алып-қашпа сөз шықса болды, артынан ілесе кету белең алып барады. Кешегі қант, бүгінгі ұнның дүрбелеңі – соның айғағы. Қымбатшылықты өзіміз жасап отырғанымыз сөзсіз. Ол, әрине, саудагер мен делдалға ғана тиімді. Зардабын шегетін өсекті өзі тара-тып, өз өтірігіне, өз отына күйетін тұтынушы ғана...



Біздің сұхбат



Қаңтардың басында Қазақстан үшін бірқатар маңызды шешімдер қабылданғаны мәлім. Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ несие қамытын киіп, одан ұзын ғұмырында құтыла алмай зар илегендер үшін қандай да бір тиімді шешім қабылдау қажеттігіне назар аударды. Соның нәтижесі – «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заң жобасы. Ақпаннан бері ел аузында жүрген жобаның осы күні артық-кемі сарапта. Демократиялық ұстанымды ел ретінде бұған түрлі маман иелері пікір білдіруге хақылы. Біз бүгін заң жобасы жөнінде экономист, сарапшы, «Болашақ» академиясының аға оқытушысы Зайра УСУВАЛИЕВАМЕН сұхбаттасқан едік...

Зайра УСУВАЛИЕВА:

«Бұл заң қарызды қарызбен жапқандарды құтқарады»



ЖОЛДАУ МҰРАТЫ - ЕЛ МҮДДЕСІ

– Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасы талқыда. Заң жобасымен өзіңіз де танысыңыз. Зерттеуші, сарапшы ретінде қандай пікірдесіз?

– Банкроттық туралы сөз қозғамас бұрын сол банкроттық ұғымының мәнін ашып алған жөн. Анықтамалық ақпаратқа сүйенетін болсақ, банкроттық дегеніміз – тұлғаның қарыздық міндеттемелері бойынша төлем жасауының тоқтатылуымен сабақтасытын дәрменсіздігі. Тұлғаны банкрот деп тану – мемлекеттік уәкілетті органның құзыретіндегі процедура.

Бәрімізге белгілі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар айында жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды дайындауға тапсырма берген болатын. Қазіргі таңда заң жобасы әзірленіп, сәйкес инстанцияларда қарастырылууда.

Жалпы, кез келген күрделі жағдай бойынша шешім шығару кезінде сол жағдайға қатысты тараптардың мүдделері барынша сақталуы кезделеді. Ал, осы банкроттық процедурасын қолданғанда кім ұтады? Кім ұтылады? Бұл сұраққа жауап алу үшін банкроттық процедурасын қолданатын елдердің тәжірибесін зерттеп көрген жөн.

– Кейбір сарапшылар бұл жоба өркениетті еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйенгендігін айтып, оның біздің елдің әлеуметтік жағдайына сәйкес келмеуі мүмкіндігін жоққа шығармайды. Өйткені, өркениетті елдерде даму деңгейі бізге қарағанда жоғары, бізде одан әжептәуір төмен. Оларда бұл заң қалай әрекет етеді?

– Банкроттық процедурасы ең ұзақ (XIX ғасырдың соңынан) қолданылып келе жатқан елдердің бірі – Америка Құрама Штаттары. Онда Банкроттық қылмыстық заң мен Банкроттық туралы кодекспен реттеледі және арнайы құрылған орган – Атқарушы бюросының құзыретінде.

Америка заңы банкроттық процедурасының 6 нұсқасын қарастырады, бірақ соның ішінде тәжірибеде тек 3 нұсқасы көп қолданылады.

№7 бөлім қарыз алушының өзінің мүлкіне деген барлық құқығынан айыруды қарастырады. Мұндай жағдайда ол мүлкін мүлдем қолдана алмайды. Барлық мүлкі сатылып,

қарыз алушының қарыздарын жабуға жұмсалыады. Қарызды өтеу кезектілігі федералдық заңмен анықталады.

№13 бөлім тұрақты табысы бар, бірақ, барлық қарыздарын өтеуге жетімсіз жеке тұлғаларға қолданылады. Бұл жағдайда борышкерді мүлкі құқығынан айырмайды және ол мүлкімен кез келген операцияларды жүзеге асыра алады – сату, жалға беру, сыйға тарту және т.б. Кодекске сәйкес қарыз алушыдан белгілі сома алынып, кредиторларға аударылады. Қанша сома алынып, кімге аударылатыны федералдық заңмен анықталады.

№11 бөлім балық аулаумен айналысатын, отбасылық фермасы бар және сол секілді тұлғалар үшін қайта ұйымдастыру процедурасын қарастырады. Бұл бөлімнің талаптарына сәйкес қарыз алушы ешқандай құқықтарынан айырылмайды. Бірақ, кредиторларына сотпен бекітілген қайта ұйымдастыру жоспарын ұсынуы тиіс. Кредиторлардың 3/2 бөлігі қарсы болмаса, құжат бекітілген болып саналады.

Ұлыбританияда жеке тұлға үш жағдайда банкрот болу мүмкін:

1. Борышкер өзінің қарыздарын төлеу мүмкіндіктері болмағандықтан өзін банкрот деп тану үшін сотқа жүгінеді.

2. Кредитор 750 фунт (1000\$-дан сәл көп сома) қарызы бар борышкерді банкрот деп тану үшін сотқа шағымданады.

3. Уәкілетті тұлға борышкер кредитормен жасасқан мәміленің шарттарын бұзғаны үшін оны банкрот деп тануын сұрап сотқа жүгінеді. Ал, Жапонияда жеке тұлғаның банкроттығы жағдайында оның активтерін, банктік шоттарын, жылжымайтын мүлкін басқару құқығы арбитраждық басқарушыға өтеді. Борышкер өзіне тек жиһазын, алдағы үш айға ғана жетерлік жеке қажеттіліктеріне арналған ақша қаражаттарын (әдетте ол сома 10 000\$-дан аспайды), жиынтық құны 2500\$-дан аспайтын автомобилі мен өмірін сақтандыру полисін қалдыра алады.

Көрсілес Ресей елінде жеке тұлғалардың банкроттығы процедурасы 2015 жылы ғана

пайда болды. Оны заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың алдындағы жалпы берешегі 500 000 рубльден асқан, берешек мерзімі үш айдан асқан кез келген жеке тұлға қолдана алады. Сол сияқты міндеттемесін орындауға кедергі келтіретін, мысалы, жұмыстан шығарылу, ауыр ауру, мүлкінің бүлінуінен залал және т.с.с. жағдайлары бар жеке тұлғалар да өзін банкрот деп жариялай алады.

Банкроттық процедурасы айтарлықтай қымбат. Мемлекеттік баждан басқа борышкер қаржылық басқарушының еңбегін пошта шығындарын, шығынының бәрін өтейді, орта есеппен айтқанда жалпы сомасы 100 000 рубльдей болады.

Банкроттық нәтижесінде адам коллекторлар мен сот орындаушылармен жағымсыз қарым-қатынастардан құтылады. Банкроттық процедурасы Ресейде жағымсыз жайт емес, қайта қарыз алушылар 5 жылда бір рет қарыздарын осындай жолмен жоюға үйреніп қалған. Себебі, банкрот деп танылған жеке тұлғаға қойылатын шектеулер 5 жылға дейін қолданылады.

Сонымен, әртүрлі ақпарат көздеріне сүйенетін болсақ, жеке тұлғалардың банкроттығы институты, жұмыс жасайтын елдерде банкроттық серпіні әр түрлі және ол белгілі бір критерийлер бойынша топтастыруға келмейді.

– Сондықтан, біздің елге тан қандай әлеуметтік ерекшеліктер ескерілуі тиіс?

– Біздің еліміздегі банкроттық туралы заң жобасына келер болсақ, бұл жоба 2019 жылы дайындалған, тек қазір талқыға түсіп, қарастырылып жатыр. 2019 жылы ел Президентінің Жарлығы бойынша кредиттік амнистия шеңберінде 577,7 мың азаматтардың жалпы сомасы 120,5 млрд. теңге қарызы кешірілген. Осы шара 2020 жылдың сәуір айына дейін үш кезеңмен жүзеге асырылып, елдегі борышкерлердің санын азайтуға ықпал етті. Бірақ, одан бері қарыз алушылардың саны тағы жоғарылап, Кредиттік бюросының мәліметіне сәйкес бүгінгі таңда 1 миллионнан астам азамат қарыздарын қайтар мерзімдерін бұзған.

– Жоба заң тілінде, оны қарапайым адамның түсінуі қиын. Жобадан бастап деп танылған тұлғаға қойылатын талаптар мен шектеулерді түсіндіріп өтесіз бе?

– Бүгінгі таңда банкроттық туралы заңның қабылдануы азаматтарға несие қамытынан құтылып, жаңа өмір бастауларына мүмкіндік береді деп ойлаймын. Осы аумақтағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда қарыз сомасы мен ұзақтығына байланысы банкроттық процедурасының үш түрін енгізуді ұсынып отыр.

Бірінші жағдайда тұрақты табысы бар борышкер қарыздарын өтеуге сот арқылы 5 жылға дейін мерзім ала отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алады. Қалпына келтіру жоспары қаржылық басқарушымен бірге құрылып (5 млн. теңгеден асатын қарыз болса), сотпен бекітіледі. Жоспарда көрсетілмеген әрекеттер жүзеге асырылмайды.

Екінші түрі тұрақты табысы жоқ борышкерлерге соттан тыс банкроттықты қолдану ұсынады. Соттан тыс банкроттық процедурасын үш жағдайда қолдануға болады:

Бірінші – банктік және несиелік ұйымдардың алдында 5 жылдан асқан қарыздары бар азаматтар;

Екінші – егер азаматтардың қарызы 12 ай бойы қайтарылмаған болса. Бұл жағдайда қарыз сомасы 100 АЕК (306 300 теңге) аспауы тиіс және қарызды өтеуге жұмсауға болатын мүлкі болмауы тиіс;

Үшінші – 6 ай бойы өтелмеген 5 млн.теңгеге дейінгі қарыздары бар азаматтар.

Соттан тыс банкроттықты қолдануға өтінішті «Электрондық Үкімет» веб-порталы немесе «Е-салық азамат» мобильді қосымшасы арқылы беруге болатын болады.

Үшінші түрі – сот шешімімен банкрот деп тану. Бұл жағдайға 1600 АЕК-тен асатын өтелмеген қарыздары бар азаматтар жатады. Үшінші нұсқаға сәйкес борышкердің мүлкі сатылып, алынған қаражат кезек бойынша кредиторларының алдындағы қарыздарын өтеуге жұмсалды.

Егер борышкердің жалғыз баспанасы қамтамасыз етуі кепілі болса, кредитор оны алып қоюға құқылы. Ал, жалғыз баспанасы қамтамасыз етуі кепілі болмаса, кредиторлар оған тиіс емес. Егер борышкердің сенімсіздігінің белгілері (мүлкіті жасыру немесе ол туралы жалған ақпарат беру және т.б.) болмаса қалған өтелмеген сома тоқтатылады.

Бірақ алименттер, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдар бойынша қарыздар тоқтатылмайды.

Соттан тыс немесе сот арқылы банкрот болған жеке тұлға 5 жылға дейін күнкөрсі деңгейінен асатын сомада қарыз ала алмайды және 3 жылға дейін шет елдерге шыға алмайды. Тек емделу және жақын туысын жерлеуге қатысу үшін шет елге шығуға рұқсат етіледі.

– Заң қабылданғанда халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қаншалықты ықпал етеді?

– Сонымен, елімізде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілуі жоспарланып отырған заң жобасы Ресей Федерациясының тәжірибесіне көп ұқсайды. Дегенмен, банктік және несиелік мекемелерден жеңіл несиелерді алып, қарызға белшесінен батқан азаматтар үшін банкроттық процедурасы тығырықтан шығар жол деп санауға болады. Бұл заң жобасының ең тиімді жақтары борышкердің қаржылық жағдайын жақсартуға заң жүзінде мерзім алуы және осы мерзім ішінде оның қарызына ешбір айыппұл және өсімдік қосылмайды. Сонымен қатар, кейбір елдердің тәжірибесіндегідей, егер, жалғыз баспанасы кепілде болмаса, кредитор оны алып қоя алмайды. Ал, берілген мерзім ішінде сотпен бекітілген жоспарға сәйкес борышкер өзінің қарызын өтейді. Бұл заң – әсіресе, бір қарызды екінші қарызбен жауып жүрген көптеген азаматтарға тығырықтан шығар жол деп айтар едім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Қызылғалдақ АЙТЖАН.



ЖОЛДАУ МҰРАТЫ - ЕЛ МҮДДЕСІ

Бірлік түбі – береке

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы елдің жарқын болашағын құрудағы маңызды іс-әрекеттердің бағытын белгіледі. Халықтың көкейіндегі көптеген түйткілді мәселелерді шешіміне бастама болды. Алдымызға қойылған биік мақсат – Жаңа Қазақстанды құруға тірек боларлық салаларға баса назар аударып, тоқталып өтті.

Алдымен еліміздің тұтастығына қаруіп төндірген «Қаңтар оқиғасындағы» дүрбелеңнің қабырға қайыстырар салдарын сөз етті. Лаңкестердің қаскөйлігіне қатаң жаза беруді парызмыз дей отырып, сол қарақшылар мен бүлікшілердің кесірінен қара жамылған отбасыларға көңіл айтты.

Тек сөз жүзінде қалып қоятын емес, халықтың көз алдында және олардың мүддесіне сай орындатын реформаларды жүзеге асыру керектігін шегеледі. Еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Сондай-ақ, сайлау жүйесін жетілдіру, Парламенттің рөлін күшейту секілді оң өзгерістердің орнығатынына сендірді.

Ел тағдырын шешетін маңызды шешімдердің халықтың қауысымен, ақылдаса отырып қабылданатындығы маңызды мәселе ретінде қозғалды. Осы бағытта «Ұлттық құрылтай» қоғамдық институтын құруды ұсынып, оның билік пен халық арасындағы дәнекер болатындығын жеткізді.

Мемлекетіміздің дамуы әкімшілік-аумақтық құрылымның жетілуімен де тығыз байланысты. Осы себепті, мемлекет басшысы жауапты халықтық тілектерін ескере отырып Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құруды ұсынды. Ұлытау облысының орталығы ретінде Жезқазған қаласын бекіту де жерлес-теріміз үшін тарихи сәт болып отыр.

Ұлытау аймағының қуатын жетілуі экономикалық, рухани, туристік тұрғыдан маңызды екендігін ескере отырып қабылданған шешім аумақ әлеуетін арттыруға жол ашады. Білікті кадрларымыз бен жалаңды жастарымыздың шоғырын сақтап қалуға, олардың туған өлкеге қызмет етуіне зор мүмкіндік туғызын шешім деп бағалаймын.

Президентіміз тілге тиек еткен ауызбіршілік, ақыл мен сабыр, парасат пен ұстамдылықтың мәні ерекше. Тауелсіздігіміз бен бейбітшілігіміздің қадірін түсіне отырып, мызғымас бірлікте жұмыс істеу – әрбір іріміздің парызымыз. Жаңа Қазақстанды құру – бүгінгі аға буынның бағытымен, кейінгі жас ұрпақтың еңбегімен жүзеге асатын міндет. Ол аз ғана уақыттың еншісінде емес, тұтастық пен үздіксіз еңбектің, жаңарудың нәтижесінде көрініс береді.

Марал ТЛЕУЖАНОВА,
индустриалдық-гуманитарлық колледж директоры.
ЖЕЗҚАЗҒАН қаласы.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сұрыптау кенті қаладан қашық емес. Іргесінде. Бірақ, бұл жақта әлі де ауыз су мәселесі өзекті дегенде бас шайқадық. Әне-міне ауыз суға жаримыз дегеннің өзінде жұрттың санаулысына ғана су тиіп, біразының аңқасы кеуіп отыр. Ал, қоршауы жоқ арықтың жабуысыз күйінде жатқанына жазда жыл толады. Өзге де проблема жер-терлік.

– Суды келесі көшедегі бір үйден тасып ішеміз. Үй шаруасының өзіне су жоқ. Мұнда зейнеткерлер көп тұрады. Суды дүкеннен тасып ішеді. Шығын. Бірақ, тартып, қазып алған кісілер бар. Дегенмен, денінде су жоқ. Енді, бағдарламамен су тартамыз дегенде шаруаларын шашып кетті. Арықтың беті жабылған жоқ, не белгі қойған жоқ. Және он жыл бойғы қордаланған қоқысты шығарта алмай келеміз. Үйіліп қалды. Балаларға обал. Ауа ластанады. Қоқысты шығарып беріңіздер деп шулап бақтық. Ешкім құлақ аспады, – дейді тұрғын Күлшаш Сағынбай.

– Менің осы жерде тұрғаным о жылдан асты. Үй шаруасына деп үш метрлік құдық қазып алдық. Ауыз суды тасып ішеміз. Осында жер қазып жүрген жігіттер су тартамыз дегенде қатты қуанған едік. Бірақ, үлгері алмай қалды ма, әйтеуір, тұқ бітпеді. Бітіргендері жерді қазды да оны қоршамай кетті. Қалай тастады, солай кетті. Оның өзін ретімен қазбай, секіріп-секіріп өтеді. Әкімдік тексеріс жүргізіп, қарау керек қой. Ертең, бетін аулақ қылсын, біреудің баласы арыққа түсіп кетсе, кім жауап береді? Арыққа су толып қалған. Дәл Қарағандының іргесінде осындай мәселенің бары қынжылтады бізді, – дейді Лермонтов кө-

АШЫҚ ҚАЛҒАН АРЫҚ, АШЫНҒАН ХАЛЫҚ



шесінің тұрғыны Әбілқайыр Төлепберген. Лермонтов көшесіндегі жұрттың шағымы – осы. Тек, бұл екі тұрғын ғана емес, бірнеше кісі мұның шақты. Аңдадайтындары – ауыз су мәселесі. Ашынатындары – ашық

қалған арықтар. Шыр-пыр болатындары – балаларының қауіпсіздігі. Ал, бұған бас ауырып, балтыры сыздаған құзырлы органды байқамадым. Неге десеңіз, осы салаға жауапты Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің

орынбасары Сәтбек Әбдіхалықовқа телефон шалып, мән-жайды жеткіздім де, жауап беруін сұрадым. Бірден келіскенімнен жауапты созып жүрді. Есінен шығып кеткен болар деп кешкілік Whatsapp желісі арқылы қайыра есіне салдым. Маған сілтеме жіберді. Онда есеп үшін салынған фото мен ақпарат қана тұр. Тағы да сұрадым: «Ауыз су мәселесі қашан толық шешімін табады?», «Неге қоршалмаған? Қауіпсіздік қамтамасыз ету шаралары қайда?» және «Он жыл бойғы қоқысты қашан шығарасыздар?» деп сауалды нықтап, қайыра жолдадым. Алайда, әкім орынбасары сұрақтан жалтарды ма, кім білсін, тағы да сұрағымна толыққанды жауап ала алмадым. Жекеме төмендегідей жауаптарды жолдапты. Қаз қалпында берейік. Себебін төменде түсіндіре кетемін...

«2021 жылы мердігер ұйым («Дәнекер» ЖШС) Лермонтов көшесі, Новая, Рабочая және Урановый тұйық көшелері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтады, шамамен 8,9 км желі өткізілді. Су құбыры желілерінің құрылысы 2022 жылы жалғастырылады. Су құбыры құрылысы бағдарламасының әкімшісі «Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ болып табылады».

«Ағымдағы жылға аудан бойынша рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жою бойынша 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша бюджеттік қаражаттар бөлінді. Бүгінгі күні электрондық мемлекеттік сатып алулардың конкурстық рәсімдері жүргізілуде, қорытындылар шығарылып, қызметтерді жеткізушімен шарт жасалғаннан кейін Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан ауданы бойынша, оның ішінде жоспарда көзделген рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орындарын уақтылы жою жоспарымен космомониторинг нәтижесінде анықталған қоқыстарды жою бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады. Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жою мәселесі аудан әкімі аппаратының тұрақты бақылауында».

Сіз мұндай жауапқа қанағат етер ме едіңіз? «Мен не деймін, домбырам не дейді?». Түсінікті тілмен 2-3 мәрте жолдаған едім сауалымды. Ол кісінің жауабы – осы болды. Әкім орынбасарына бір қызметкері жолдаған болуы керек. Ол соны маған жібере салып, оңай құтылған сынайы. Whatsapp арқылы келген хабардың төбесінде «пересланное сообщение» деген жазу тұр. Сондықтан, осы мәселеге тікелей жауапты басшы тілшінің сауалына, тұрғындарды толандырған мәселеге жүрдім-бардым қараса, бізде мынамен қадір қалмаған екен...

Ал, ашық қалған жыра мен тау-тау болған қоқыстан жергілікті тұрғындар зардап шегіп отыр. Күні кеше ғана осы Сұрыптау кентінде тоғыз жасар баланың арыққа құлап, көз жұмғаны естеріңізде болар. Дәл сол қайғылы оқиға қайталанбасына кім кепілді?

Суреттерді түсірген автор.

Кездесу

Қарағанды шәріне ғалым, алаштанушы әрі абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, жазушы, профессор Тұрсын Жұртбай келді. Кеше Достық үйінде өткен кездесуде қадірлі қоңағымыз М.ӘУЕЗОВТИҚ «Абай жолы» роман-эпопеясындағы өмірлік және көркемдік шындық турасында дәріс оқыды. Біз ұйып тыңдадық. Айта кетейік, рухани шараға ұйытқы болған М.Әуезов атындағы қалалық мемлекеттік кітапхана болса, демеушілік көрсеткен белгілі меценат Ерлан ӘШІМ.



«Абай арқылы қазақты танытамын» деген мұратына жетті

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абайтанушы Тұрсын Жұртбай өз дәрісінде Мұхтар Әуезовтің 1934 жылы жарияланған «Абайдың ақындық өмірі» атты туындысынан асқан еңбек жоқ екенін айтады. Кітаптың ішінде өзінің барлық айтарын деген ойларын, айта алмай жүйген және айтқысы келетін шындықтары жазылыпты. Бір парасын дәрісте дәйектеп тұрып айтып берді.

– Көркем шығарма оның ішінде «Абай жолына» қағатын принциптердің негізгі жағдайларына тоқталып кетейін. Негізгі көркемдік шындыққа 7 түрлі шарт бар. Мәселен географиялық шарт. Абайда физикалық қасиет бар. Оның өмір сүрген қоғамын өзгертуге болмайды. Абай феодализмнің ең соңғы дәуірінде өмір сүрген. Сол кездегі ғылымның жаңалықтарын асып кетуге болмайды. «Абай арқылы мен дүние жүзіне идеал болатын ұлы ақынды өмірге әкелгім келеді. Сол үшін барлық жазушылық құқығымды пайдалана отырып, қоғамдық шындық пен кейіпкерімді ашу үшін көркем шығарманың заңдылықтарын пайдаланып, өз шығармамды жаздым. Мен өзімнің Қодар мен Қамқаға байланысты оқиғаны Құнанбайдың өскен тарбиесінен, қоғамдық ойларынан, таптық көзқарасынан барып шығарып әділдікке жеттім,» – деп Мұқаң жазды. Бұрын оған жөнді назар аудармаппын. Неге десеңіз? «Абай жолында» Қодар мен Қамқа оқиғасын алмасаң, Абайдың бүкіл ішкі дүниесі, көзқарасы туралы басқа ой қалыптасып кетеді. Бұл – коллизия. Бұл – өткен мен жаңа өмірдің арасындағы байланыс. Бұл шығарманы жазудағы М.Әуезовтің ұлылығы, – деп ерекше атап өтті абайтанушы.

«Менің есептеуімше, (жаңылысуым да мүмкін) Қодар мен Қамқа оқиғасы –1834-1836 жылдары Абай тұмастан он жыл бұрын өтіп кеткен жағдай. Екінші мәселе ол оқиға өмірде болған. Сол кезде «бұл екеуінің күнәларын қара жер де қабылдамайды», – деп олардың бейіттерін өртеп жібергені, Қамқаның шешесі қызының бетіне түкіріп, теріс бата бергені де рас. Сол жерде тас үйіп қоршап, ортасын өртегені әлі де бар. Шәкәрімнің қыстауынан 3000 метрдей жерде, өзеннің арғы бетінде, жартастың түбінде сол үйінді тұр. Бұл – өмірдегі шындық. Абай қоғамдық іске араласқанда Мұсақұл соғысына қатысып, Бөжей, Тәкежанның, Бөкей мен Майбасардың ортасындағы ділгір адам болып білік айтуы мүмкін емес. Ол Алпамыс, Ер Төстік сияқты күн сайын, сағат санап ержетсе де ол мүмкін емес деп ойлаймын. Өйткені, Мұсақұл соғысы 1946 жылы 16-17 қыркүйекте өткен», – дейді жазушы Тұрсын Жұртбай.

Ғалым А.Янушкевич өзінің күнделігінде: «Құнанбай әлдене нәрсеге ағайындарымен араздасқан екен, ширғығып кеше кетті. Біз Айбике болыстығына Қарқаралыға, Тәттімбеттің ауылына кеттік», – дейді. Ал, сол жолы Мұсақұл соғысы басталған. Абай ол кезде бір жаста. Кішкентай бала соғыс майданында қай арада билікке араласып, үкім айтады? Абайдың сол күннен бастап, сахараға тарап, қазақ даласы Құнанбайдың жетілген, ақылды жөн білетін, жүйрік ұлы Абай бар екенін білді. Абай деп қазақ даласына таралды деп сурет-

телетін Бөжей оқиғасына да Абай қатыса алмайды. Себебі, Бөжей асы 1850 жылы өтті. Абай ол кезде шамамен бес немесе алты жаста болғанын болжайды жазушы.

– Біз қазір тарихи және көркем шығармаларға өзіндік талап қойып жатырмыз. Шығармада ең бастысы идея болуы керек. «Абай арқылы қазақты танытамын» – деген мұратына жазушы Мұхтар Әуезов жетті. Сол үшін қандай да болса құрбандыққа барды. Сол себепті, Құнанбайды терең құзға батыра отырып, Құнанбайдың иығына Абайды шығара отырып, өз шығармасын жазды. Біз осыны өмірлік шындық Абайдың өмірі еді деп қараймыз. Бірақ, ақын Абайдың өз шындығы бөлек. Расында жүрегің үз сепкендей ашиды. Өйткені, Абайды күйінген, сүйінген, сүйіндірген етіп сезінеміз. Бұл – көркем шығарма мен өмірдің ортасындағы жай. Сондықтан оқырман жазушының идеясын түсіну керек, – деді кездесу қонағы.

Сөз соңында Тұрсын Жұртбай Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бүгінде тарихи романдар топтамасына кіріп, қазақтың тұңғыш эпопеясына айналғанын, қазақтың көркем прозасын биік деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіндегі биік эстетикалық талғамы бар, көркемдік қуат әкелген үздік туынды болып қала беретіндігін жеткізді.

Дәріске қатысқан қонақтарға, өлең оқыған бұлдіршіндерге ризашылығын білдіріп жазушы ағамыз. Уақыттың тығыздығы ғана кедергі етті, әйтпесе Абай әлеміне терең бойлап бара жатқанбыз...

Форум

Ұлт бағына туған ұлы тұлға



Ұлт ұстазының ұлағатты ісі – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. «Ертең үшін» еңбектенген ұлт қайраткерінің дәл бүгін арманы орындалғандай. Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ мол мұрасымен сусындап өскен бүгінгі жас – ертең ұлтын сүйген ұлы адам болып шығады. Оған сенім мол, үміт зор. Дәл осы мақсатты көздеген облыстық білім басқармасы «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық форумын өткізді. Форумды өткізуге Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның таңдалуы тегін емес...

Гүлнұр СЕРІҚЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шара облыстық білім басқармасының, облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының және қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өтті. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері форумның жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім форумның басты мақсатын атап өтті.

– Ұлы бабаның мұрасын жастарға жеткізу – бүгінгінің ең маңызды ісі. Ахмет Байтұрсынұлының мұралары педагогика саласында өзгеше мазмұнға ие және қашанда бағыт-бағдар бола алады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегі арқылы қазақ жастары – қазақ болып өседі. Оған ешқандай күмән жоқ. Біз баріміз сол жолмен келе жатқан педагогтерміз. Қарағанды

қаласында алғаш қазақ мектептері ашыла бастаған кезде Ахметтен, Мағжаннан сусындадық. Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойы аясында қала мектептерінің басын қосып, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасын бүгінгі білім берудегі жаңартылған мазмұнмен байланыстырып, насихаттау мақсатында осы форумды ұйымдастырып отырмыз, – деді Есентай Мұқатайұлы.

60 жылға жуық тарихы бар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның кешегісі мен бүгінгісінен сыр шертетін бейнебаян таныстырылды. Аталған мектепке Ахмет есімінің берілуі – тарихта қалған ұлы іспен пара-пар. 2018 жылы Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілген мектептің жетістіктері де аталды.

Форум аясында осы білім ордасында «Ахметтану» кабинетінің тұсауы кесілді. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған кабинеттің іші ұлы ұстаз әлемін сан қырынан ашып тұрғандай. Мұнда Ахмет Байтұрсынұлының кітаптары мен еңбектері ғана емес, әр оқушының алдына нәтиже қойылады. Сондай-ақ, келушілер кабинетте көрсетілген QR-код арқылы Байтұрсынұлы еңбектерімен таныса алады. Сонымен қоса, Ахмет Байтұрсынұлының шығу тегі жазылып сенділініпті. Бұл – кейінгі буынға керек дүние. Аталған мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сәбира Күлпейісованың айтуынша, бұл – ұлы ұстаздың ата-төк шежіресі оқушылардың ізденісімен жасалған.

– 2014 жылдан бері «Ахметтану» курсы өткізіледі. Ұлы ұстаздың сан қырлы шығармаларын жетік білу үшін «Ахметтану» курсының арнайы бағдарламасы жасалды. Бұл кабинет – өскелең ұрпақтың зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытып, қаламының ұшталуына сеп болсын деген ниетпен ашылды. Әр оқушының бойында Ахмет ғибабаты болуы керек, – деді ұстаз Сәби-

ра Ізбасарқызы.

Сондай-ақ, форумда Қарағанды қаласының 13 мектебі бас құрап, білім көрмесін өткізді. Мұнда әр мектеп ұлы ұстаздың педагогикалық көзқарасын бүгінгі күн тұрғысынан талдап, Ұлт азаматтарының есімін иеленген мектептер сол қайраткерлердің Ахмет Байтұрсынұлымен байланысын тілге тиек етті. Ұстаз айтқан ұлы жолмен келе жатқан әр мектеп өз жетістіктерімен бөлісті.

Қалалық форум одан әрі пленарлық мәжіліспен жалғасты. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлбақыт Жүнісова, облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытгүл Әбдікеева сөз сөйлеп, пленарлық мәжілісті ашып берді. Мұнда университет ғалымдары мен оқытушылары, тіл мамандары, тарихшылар және мұғалімдер, оқушылар қатысты.

Форумнан бір күн бұрын өткізілген «Алаштың Ахметі» атты конференцияда баяндама қорғаған мұғалімдер мен оқушылар осы пленарлық мәжілістің соңында марапатталды. Ал түстен кейін форум «Достық үйінде» мерекелік концертпен жалғасын тапты. Ахмет мектебі ұстаздарының ұйымдастыруымен және театр режиссерінің көмегімен «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты қойылым көрерменге ұсынылды. Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен сыр шертетін қойылымда ұлтына жасаған қызметі жан-жақты ашылды. Жастарға ой салатын осындай ойлы дүние жасаған Ахмет мектебінің ұстаздары мен оқушылары шын ерледі. Одан бөлек, оқушылар ұлты қайраткерінің сүйіп тыңдаған әндерін шырқап, арнау айтып, би биледі.

Теміртау Мәдениет сарайына – 50 жыл

Металлургтер қаласының шығармашылық орталығы



Иә, биыл Теміртау Мәдениет сарайының құрылғанына 50 жыл толғалы отыр. Егер, тарих тезіне салсақ, қас-қағым сәт сияқты, ал адам өмірінен есептер болсақ, жарты ғасырлық ғұмыр. «Елу жылда – ел жаңа» демекші, осы мерзім аралығында өмір-өзенмен бірге мұндағы қайнаған тіршілік бірде арнасынан асып тасыса, бірде бұйра толқындардай жағалауға жетіп жатты. Ауыз толтырып айтар жаңалықтар мен жаңарулар, жаңғырулар да молынан болды. Тіпті, тұтас бір ұрпақ алмасып та үлгерді. Дегенмен, осы елу жылда сәні өзгерсе де мәні өзгермеген ол – Мәдениет сарайы мен ондағы атқарылып жатқан іс-шаралар дер едік. Өйткені, Теміртау Мәдениет сарайы – бұл металлургтер қаласының шығармашылық орталығы.

Егер, сәл-пәл тарихи шегініс жасасақ, 1972 жылы бой көтерген ғимарат бастапқыда «КСРО-ның 50 жылдығы атындағы металлургтердің мәдениет және техника сарайы» деп аталған. Ғимаратты безендірумен сол кездегі РСФСР-дің еңбегі сіңірген суретшісі Б.Тальберг айналысқан. Ол ғимараттың маңдайшасына металлург, диқаншы, жауынгер және ғарышкер бейнесіндегі маскаларды орналастыруды құп көріпті. Онысы күні бүгінге дейін ажарынан ажырағаны жоқ, алыстан менмұндалайды.

Сөз реті келгенде айта-рымыз, қаламыздың байырғы тұрғыны, ардагер металлург, көсемсөз шебері Смағұлдың Тілеубердісі өзінің «Өрім жылдар» мақаласында 1969-1971 жылдары қалалық комсомол комитетін басқарған Нұрсұлтан Назарбаевтың қаладағы құрылыстардың барысын сынап, жастардың ынталы жұмыс істеуіне құрылыс басшыларының жағдай жасамай отырғанын қадап айтақаны туралы мынадай нақты дерек келтіреді: «...1971 жылы желтоқсан айында болған Теміртау қалалық партия комитетінің есеп беру-сайлау конференциясында «Жастардың өнерпаздық творчествосын одан әрі өркендетуге, спорт пен денешынықтыруды дамытуға қолайлы жағдай жасалмай отыр. Металлургтердің мәдениет сарайы мен спорт комплексінің құрылысы тым ұзаққа созылып барады. Алдағы уақытта бас мердігер «Металлургжилстрой» тресінің басшылары бұған жеткілікті көңіл бөлгендері жөн». Міне, осылайша сиырқұйымшақтанған Мәдениет сарайы құрылысы жанданып, келесі жылы пайдалануға берілген екен.

Тарихи деректерге сүйенсек, Мәдениет сарайында «...озат жұмысшылар мен «Қарметкомбинат» жаңашылдарының өндірістік тәжірибесін насихаттау, социалистік жарысты түсіндіру, өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту, еңбекшілердің мәдени бос уақытын ұйымдастыру, көркемөнерпаздардың 23 ұжымы жұмыс істеп, оған 1,5 мың адам атсалысады. Олардың қатарында «Советменник» театры, үрмелі оркестр, цирк студиясы, «Поиск» ВИА, «Звездапад» заманауи би ансамблі, камералы хор болған».

Теміртау Мәдениет сарайының бүгінгі келбеті қандай? Мұнда қалалық және облыстық ауқымдағы барлық қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Мәдениет сарайының қызметі барлық жас топтарын қамтиды. Қазіргі таңда 1133 құрылысы бар 36 клубтық құрылым, яғни өнер ұжымдары жұмыс істеп келеді. Ал, балалар мен жасөспірімдерге арналған 25 құрылымға 754 жасталап тартылған. Әрине,

олардың жанрлары да сан алуан, мысалы, ең алдыңғы орында әртүрлі бағыттағы би өнерін атап айтуға болады. Олардың қатарында тек облыс, республикамен шектелмей, шетелдерге ел намысын қолдан бермей, түрлі өнер байқауларында топ жарып жүрген «Вдохновение» (жетекшісі Бағлан Қайдасынова) үлгілі ән-би ансамблі мақтанышпен айта аламыз. Мұнан әрі қарай вокалды жанр, театр, фольклорлық бағыттағы ансамбль, әуесқой бірлестіктер, фотостудия және басқалар деп жалғастыра беруге болады. Сонымен қатар, он өнер ұжымының «үлгілі» және «халықтық» деген атағы бар. Бұл үнемі шығармашылық ізденіс пен осы жолда ерінбей-жалықпай еңбектеніп теккен тердің нәтижесі. Осындай мәдениет майталмандарының бір шоғыры өткен жылы «ҚР Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалмен марапатталды, олардың қатарында «Советменник» халықтық театрының жетекшісі Виктор Горемыкин мен «Дарын» балалар вокалды ансамблінің жетекшісі, әнші Жанна Хасенова бар.

Мәдениет сарайында өткізіп жатқан іс-шаралар әлемді дүрбелеңге салған кешегі індет дендеген кезде де сабырсыған жоқ, керісінше онлайн форматта жалғасып, қызметкерлердің біліктілігі одан сайын артқаны анық. Бұл ретте өткен жылы жалпы 151,6 адамды қамтыған 621 іс-шара өткен болса, соның 205-і онлайн, ал 416-сы онлайн болғанын айтсақ та жеткілікті. Ал, үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында 135 іс-шара өтіп, 30,9 тұрғын қамтылды. Талғамы биік көрерменнің көзіалымына айналған іс-шаралар жайында айтар болсақ, КСРО мен Қазақстанның халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдығына орай өткен «Роза салған әндер-ай» атты концерттік бағдарлама, қыз-келіншектер мерекесі қарсаңында өткен «Әлемнің жарығын сыйлаған АНА» концерт-шоуы, өз Наурыз мейрамы аясында «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» сән фестивалі, «Батамен ел көгерер» аталар конкурсы сияқты кештерді жұртшылық ыстық ықыласпен қабылдады.

– Қай салада болмасын, жүзеге асырылатын барлық ауқымды істің жоспарлануы мен мақсатқа сай орындауы кадрлардың білімділігі мен біліктілігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне және өз мамандығына деген адалдығына байланысты екені айтпаса да түсінікті. Біздегі шығармашылық ұжым нағыз өнерді түсінетін, бағалайтын жандар. Жыл сайын жаңа бағдарламалар, қойылымдар мен көрмелер, концерттер мен тақырыптық кештер секілді іс-шаралар көптеп өтуде және қалың көрерменнің көңілінен шығып келеді, – дейді Теміртау Мәдениет сарайының директоры Гүлнар Қадырова.

Соңғы жылдары қаламызда жүргізілген оңтайландырулардың нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс бөлімі, балалардың бес аула клубы мен ардагерлер клубы қатарымызды толықтырғанын айта кеткенім жөн болар. Сондықтан, материалдық-техникалық базаны одан әрі нығайту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізіп жатқан жайымыз бар. Мысалы, заманауи жарық және дыбыс жабдықтарымен жасалған үлкен көрермендер залына LED экран, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс бөліміне акустикалық жүйесі бар дыбыс жазу студиясын сатып алу жоспарлануда. Алдағы жылы Мәдениет сарайының ішкі үй-жайларын ағымдағы жөндеуден өткізу жоспарлануда, бұған дейін дизайнерлік жобаға сәйкес көрермендер залына, вестибюльге, баспа-дәптер аралығына, VIP бөлмеге, қосалқы аумақ ғимаратының қасбетіне, сору-сыртқа шығару желдеткішіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоғарыда айтып өткенімдей, қатарымызға қосылған балалар аула клубтары мен ардагерлер клубы ағымдағы жөндеуден өтті. Бес аула клубы қажетті жиназдармен, техникалармен қамтылды.

Міне, бұл Мәдениет сарайының бүгінгі жай-күйі мен тыныс-тіршілігінің бір парасы. Биылғы Мәдениет сарайының 50 жылдығымен мұндағы бірнеше өнер ұжымдарының мерейтойлары қабат келіп отыр. Олар: ардагерлердің «Магнит-ка» вокалды ансамбліне –10, «Гюзель» үлгілі би ансамбліне – 15, «Муравейник» балалар театрына – 35, «Сплав» халықтық фото клубына – 45 және «Ронд» үлгілі спорттық бал би студиясына – 50 жыл.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын: «Балалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын! Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!» деп түйіндеген еді. Жарты ғасырлық мерейтойын атап өткілі отырған Теміртау Мәдениет сарайы қызметкерлері жаңа Қазақстан құру жолында бойларындағы білім-білігін, пайым-парасаты мен іс-тәжірибелерін ұлттық өнер мен мәдениет саласын өркендетуге жұдырықтай жұмылып жұмсайды деп сендіреміз. Өйткені, болашақтың дамуы мәдениетке сүйенген құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты.

Руза АЛДАШЕВА,
Теміртау Мәдениет сарайының бөлім меңгерушісі.
ТЕМІРТАУ қаласы.



Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл

XX ғасырда – Ақселеу Сейдімбеков деген атымен мәлім, «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтіндей қазақ зиялысы болған. Журналист, жазушы, ғылым докторы. Қысқаша мәлімет мынадай: 1997-1998 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының президенті, 1999 жылы ҚР Президенттік Мәдени орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары, 2000 жылдан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде еңбек етті. 2009 жылы, 66 жасында өмірден озды.

Ақселеу екеуіміз әрі жерлес, әрі құрдас, әрі әріптес-журналист ретінде ғана емес, біздің әуелден жан сала кіріскен екінші кәсібіміз, ақысыз-пұлсыз арқалаған бейнетіміз – Қазақ тарихының мәселелері болғандықтан, қан жақындығынан гөрі де, рухани туыстығымыз қымбат болатын. Біз, әділін айтқанда, Қазақ Тәуелсіздігін аңсаған аздардың қатарынан болатынбыз. Кезінде «ұлтшыл» деп қара таңба басатынын, басқандығын, кезегінді шегеріп, өрісінді тарылтатынын білсек те, түкпірдегі бір құпия күш, жасырын сезім бойды еріксіз билеп, сыртқа шығуға тебінетін, кейде сыртқа шығып та кететін. Алайда, сауатымыз бар, бір кісідей біліміміз, қазақы нәм советтік тәрбиеміз бар ғой, ашық ұлтшылдыққа барып, басын жарып, көзін шығарғанымыз және жоқ. Бұл жағынан Ақаң менен де сак еді, білмеймін неге екенін, тоқсаныншы жылдары жаза тартты. Тұла бойы таланттың қайнары, қай жағынан қарасаң да, өнердің кені болған Азаматты көре алмаушылар жала жапты. Және сол жала іске асып, оның тағдырын өзгертіп жіберді. Бір есептен, орыстар айтпақшы, «нет добра без худа» деген сияқты, Ақаңды шарболаттай ширатты. Ғылымның әліппесінен қайта бастап, құзар басына дейін өрмелетті, табысты етті, талай пенделерге өзінің кім екенін көрсете білді. Қазіргі жұрт білетін Ақселеу Сланұлы Сейдімбеков етіп қалыптастырды.

Кезінде, «Жалын» журналының 1987 жылғы 7,8-сандарында шыққан Темірболат Ахметов деген автордың жазғандары туралы өзінен сұрағанымызда, Ақаң: «Ондайларға назар аударар берсең, көртайып қаласың» деп әзілдей салып еді. Қажырлы, қайратты адамның сөзі.

Тіпті, газет бетінде Ақселеуді көпе-көрнеу қаралап, шындықты бұра жазған шаруалар да бір кезде өршіп берген. Сондай шақтың бірінде, мен өзім төсек тартып жатсам да, Қызылжардан телефон соғып, «Ақа, мен сені қорғап, жақтап материал жазайын», деп ынта да білдірдім. «Жоқ,» деді ол. – Саспа, мен таза болмаған соң, ұйымдастырып жатыр деп ойлайды. Жаз берсін. Менің қандай кімем бары-жоғы әлі-ақ дәлелденеді» деп маған тыйым салды. Бір-екі рет оқталып, жазбай қалдым.

Ақаң Қарағандыдан өсіп, Алматыға барған бетте-ақ, оңтүстіктікі емес болғандықтан, оның «Социалистік Қазақстан» сияқты журналист біткеннің арманы болған газеттің әдебиет бөлімі сияқты үлкен қызметке келуін қызғанып, бірден тіптіренгендер тіс қайрады. Сол кезде Алматыда, тағылыққа бергісіз осындай бір өте жайқыз жағдай орын алған. «Биография» келсе де, география келмейді» деген жетесіз сөздің таралуы тегін емес. Оны да білемін. Бірақ, Ақаң тіс жарып айтқан емес, ондайдан биік еді ғой. Мейлінше таза жүріп-тұруға ұмтылды, сақтанды. Тіпті, жылы жақтың мінез-ғұрпына еріксіз бейімделіп, Арқадан дарыған арынын тежеп ұстады.

Әлі «Жәнібек ән салады, Ақселеу тамсанады» дейтін әзілдің шындығы да болғанын айта кетейін. Бірде, сол музыкалық телехабар Кенен Әзірбаевтың шығармашылығына арналды. Жәнібек «Көкшолақты» айтқаннан кейін, Ақаң қостап: «Қандай ғажап, болмысы бөлек ән! Тұнып тұрған сезім, әсер... Енді Кенекен де тумайды, мұндай ән де тумайды» десін. Шынында, «Көкшолақ» жақсы ән болса, болған шығар. Бірақ, «Енді мұндай ән тумайды» деп, күізеле күңірленді артық көріп, Ақаңа телефон соқтым.

Әлі-шыны аралас: «Ей, Ақам-ау, мен сені бірдене біледі деп жүруші едім, мынауын не? Енді «Кенен тумайды» деп көз жасыңды төгіп жібергенің, Кенен тумаса, бүкіл қазақ өнері құрып қала ма?», – деп зекідім. «Ұрпаққа осылай тәрбие бересіңдер, ақиқаттан аттап» деп қосып қойдым. Ертеңіне Ақаң маған қайта телефон соғып «Қарағандыда жатырсың. Бұл – Алматы. Сен біле бермейсің ғой» дегенін неге ұмайтайын?! Міне, біздің ұрпақ осындай басақ тірілік, көріксіз кезеңді де бастан кешкен.

Әр санын асыға күтіп, Сейдімбеков, Сегізбаев, Бодаубаев, Нұрғалиев, Құрманғалиев, Сарбалаев, т.б. өзімізге көзтаныс әріптестеріміздің жазғандарын «Лениншіл жастан» оқып, қуанып отыратынбыз. Әлі есімде, Оралхан Бөкеевтің ұмытпасам, «Жұлдыз жауған түндер-ай» деген тақырыппен басылған ақ өлең сипатты толғауын екі-үш қайталап оқығанбыз. «Лениншіл жастың» меншікті тілшісі ретінде Ақаң Қарағандыдан, Ақмола, Қостанай өңірінен көп материал жазды. Бір ғажабы, сол көптің екеуінің бірі – очерк. Тіпті, ұмытқам жоқ, Қостанайдың

бір механизаторы, аты Баязит Жақсылық-ау деймін, сол туралы тізбекті үш очерк жазды. Үшеуі де әдемі.

Сұңғыла жаратылған азамат, көп жер аралап, көп адамдармен кездесіп, көп оқып, өзін-өзі қайрап, ой-өрісті салқар жазушы Сейдімбеков болып қалыптасты.

Ақселеу, әсіресе Теміртау сияқты өндіріс ошағындағы қазақ жігіттері мен қыздарын іздеп тауып, соларды дәріптеді. Мысалы, домна пешінің горновойой Нұрсұлтан Назарбаев, мартен пешінің конвертері Арғын Жүнісов, Алтынбек Дәрібаев, Төлеген Адам-Юсупов сияқты болашақ қайраткерлерді ашқан журналист Ақселеу Сейдімбеков деуге құқым бар-ау деймін.

Мен Қарағанды облыстық «Орта-



Ақселеу Сейдімбек деген ғұлама болған

лық Қазақстан» газетіне 1973 жылы келгеннен кейін, екі жылдан кейін газет редакциясының жауапты хатшылығына «Лениншіл жастан» Ақселеу келді. Аз уақыт бір ұжымда болдық. Ақселеу марқұмның кісілік қасиетін ашады-ау деп, бір жағдайға тоқталмақпын.

Қарағандының газетінде Ақаңмен бірге КазГУ-де оқыған Шайхан Жандәуев деген азамат болды. Бізден үш жастай кіші, бөкене бойлы, қолтопақтай ғана жуас жігіт болатын. Нағашы атасының қолында тәрбиеленген, шалдың баласы екені көрініп тұратын. Ақкөңіл, аңқау, оңы-солына сақ қарауға дағдыланбаған, бала мінезді еді. Жап-жақсы ақындығы да бар. Ол кезде редакция аппаратындағылар кілең 50 мен 60-тың арасындағы «ку мүйіздер», тіс қаққан, 20-30 жылдан істейтіндер. Кемшілік болмаса да табады. Мақаланың ебін тауып, түкке алғысыз етіп тастайды. Жастарға жол бере қоймайды. Сол жастардың қатарында 25-тегі Шайхан мен 31-дегі мен бармын. Маған құрдас керек, Шайхан досымды айналдырамын. Албырттық па, кейде батырықырап жіберсем керек. Сонда, Ақаң: «Менің Шайханыма тиме, ол асыл жігіт» деп қоятын. Бір емес, бірнеше мәрте солай дегені бар. Қазір ойлап отырсам, жасыңнан бірге өскендерге сыйластық қана керек екен ғой. Тіпті, кейін Ақаң өзі Алматыға, «Социалистік Қазақстанға» қызметке кетіп бара жатып, әдейі бұрылып: «Зақа, Шайханымды саған тапсырдым» деп қыыла сұрағаны әлі есімде.

Ақаңның сырт тұлғасы «Қазақ болса, осындай-ақ болсын» дейтіндей, қалай көркем болса, мінезге де бай еді. Аңыз келіспей, айқаса кеткелі тұрған бізге: «Сабыр. Сабыр. Кішкене күт, уақыт өтсін, содан соң қайта бастайық», деп, жазағы шиеленіскелі тұрған түйінді тарқатып, әдемі әзілмен әділ-теп жіберетін.

Ақаңның Жайық аға Бектүровпен достығы, Евіней Бөкетовпен шығармашылық ынтымағы туралы бірталай шаруаға куә болдым. Мысалы, Бөкетовтің «Человек, родившийся на верблюде» деп қойған тақырыбын қазақшалаған Ақселеу еді. «Атан қомын-да туған адам». Сол кітаптың қолжазбасы түгелдей Ақаңның қолынан өтті. Қазақ тарихы мен этнографиясына жасынан қанық болып, оларды кейін ғылыми біліммен байытқан Ақамыз, алпысқа жетпей-ақ қазақтың абыз ақсақалындай толысты. Әлдеқалай, қазақ турмысына қатысты материалды, өзін айтқандай «сақал-мұртын басып», «перне-тиегін түзеп», «ішектерін күйіне келтіріп», сұңғырлатып жөндеп отырғанын көргенмін. Әзі авторы болмаса да, үстінен қарағанның өзіне де, қолжазбаны құлпырта өңдейтін адалдығына күемін. Ақселеудің қолтаңбасы танылып тұрған эссе сипатты әсем ширатылған мақала ма, очерк пе, басқа біреудің қолымен жарыққа шыға беретін. Оның мұндай редактор-

лығын байқаған жалғыз мен ғана емес шығармын. Осымен тоқтайын.

Жақсының атына өзін қосақтама-са, қазақтың аузының дәмі кіре ме, әуелде айтқандай, мен де қазақтың өткеніне, ескі турмысына, хандары мен би шешендеріне ықыласты болдым. Осыны білетін Ақаң: «Сен архивті көп қарайсың ғой, қазақтың ұлттық спортың байқай жүрші», деді бірде. «Қазақ әндері мен күйлерінің тарихы – тұнып тұрған тағдырлы тарих», деді бірде. «Абылай хан мен батырларының арасы қандай болды екен?» деді бірде. Әрқайсысы бір-бір кесек тақырып. Сонда, ғалым Ақаңның сергек жүрегі осындай қазақ мәселелері төңірегінде толқиды екен ғой.

1980 жылы Ақселеу Сейдімбековтің «Күмбір-күмбір күмбездер» деген тамаша кітабы шықты. Сырт пішімі жұқалтан ғана, бірінші бетінде «Жоғары класс оқушыларына арналған» деген нұсқамасы бар. «Мектеп» баспасынан шығарудың амалы екен ғой. Оқып шығып, қатты ырза болдым. Тұнып тұрған тарих. Және Ақселеудің күміс шапқан қарашындай көрікті, тіл өрнегі де зердей жарқырайды. Тақырып өзіме жақын. Қазақ даласындағы көне тарихы, табиғи ескерткіштер жайында. Отыра қалып, пікір жазбақ болдым. «Дайын асқа шығыс көп», алаулатып-жалаулатып, мақтай бермей, «алайда...» деп алып, күмілжүім де керек қой. Кемшілігін терімін... Оным таза библиография қылмай, рецензияға ұқсататын дегенім. Жан қыспас достың аяғынан шалғандай болмайын дедім де, өзім байқадым деген артық-кемін төркезді шәкірт дәптеріне (орысша!) жеке жазып қойдым (Кейін марқұмның қолына тигіздім, архивін де болуға тиіс). Ал, мына жазғаным – жадағай мақтау көрінгенімнен, еңбекті қызықтыра түспек деп ойладым.

Кітап туралы осы жария пікірімді «Күмбірлеген күй кітап» деп айдар қойып, «Орталығыма» бердім. Сөйтсе, Ақаңның осы еңбегі жөнінде өзінің туып-өскен газеті білдірген мақтау-мадақ, республикадағы бірінші сөз екен. Мақала былай басталады:

«Алғысөзі аты мәлім ғұлама Әлкей Марғұландікі... «сан ғасырды көктейт өтіп, сабақтасып жатқан осы байтақ мәдениет қалдығын, көркем мұраларды жүйрік біліп түсінуге, оларға тарихи, ғылыми мән беріп, зерттеуге көп шеберлік керек», депті. Тарих атты тұнған тылсымның таңғажайып сырларын сырбас кестелеп, шымыр деректермен ширақ баяндау — әркімнің қолынан келе бере ме? Және де етті-кетті, көшті-қонды демей, құбылысына мәдени мұра, дәстүр сабақтастығы деген шоқ жұлдызды қойып алып, тәуекел деп тартқан екен автор. Берісі он, әрісі он мың жылдық адамзат сапарының іздерін оймен шолып, ғылыми деректерге шұқышып, өзінше пікір топшыламақ. Бүгінгі ұрпаққа қызық-ау, деген көненің кілкіген қаймағын сүзін алып, алдына қоймақ.

Осы бір ізгі ниетті мақсұт етіп, ақселеу мініп, ақ берен тағып, ақ тілеумен аттанған екен. Автор сол жолдан қоржыны тоқ, олжалы қайтыпты. Күмбездер күмбірлінің сырын ұғып, көкөйе түйгені мен көргенін сыпайы ғана кітап етіп бастырыпты...» деп әрі қарай кете береді.

Тақырыбы тың, зерттеудің әдіс-тәсілдері де қызық, танымдық құны қымбат еңбек ретінде «Күмбір-күмбір күмбездер» зиялы қауымның назарына бірден ілікті. Мақталды. Келесі жылы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы осы кітапты Мемлекеттік сыйлыққа ұсынды. Протоколынан бастап, қағаздарын орысша-қазақша мен дәйрледім. Үкімет талабына сай рәсімдер, Алматыға, Ақаңның үйіне апарып бердім. Ұмытпасам, қабылдау мерзіміне бір апта ғана қалған екен. Ақаңның үйіне бір күн қонып, ертеңіне қайттым. Кітап жаппай талқылауға ұсынылды.

Әлі есімде, Ақаң: «Бұл кітапқа сыйлық бермейді. Оны білемін. Бірақ, бәйгеге кейін тағы қосылсам, бұл керек болады» деген еді. «Бермесем, неге арамгер болдық», деп мен қалжыңдадым. «Жоқ, сендердің газеттерің атына да жақсы болады. Мемлекеттік сыйлыққа шығарма ұсынып жатқан мұндай облыстық газеттің редакциясы жоқ», деді. Осы жайды, Ақаңның өмір-деректерін түгендеу мақсатында еске алып отырмын. Яғни, Қазақстанның ең жоғарғы Мемлекеттік сыйлығын профессор Ақселеу Сейдімбек екінші рет, басқа еңбегімен ұсынылып, алған болатын. Марқұмның көп адам біле бермейтін жағдайының бірі осы.

Ақселеу Сейдімбектің кәсіпқой журналистік қызметтен 1987 жылы аяқ астынан қол үзуге тура келеді. Қазақстандық жастар баспасөзінің тамаша үлгісі болып үлгерген «Білім және еңбек» журналының тектес басшылар арасында Одақ бойынша бірінші орын алғанына қарамастан және бас редактор ретінде БЛ-КЖО-ның ең жоғары марапаты — Құрмет грамотасымен марапатталғанына қарамастан, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты «Қазақ ұлтшылдығын дайындаушылар» санатында комсомолдың Орталық Комитетінің бюросында ол бас редакторлық қызметтен босатылды», дегеніміз екі ауыз ғана қарасөзге жүк болған өңіз ақпарат қой. Сол ақпараттың алды мен соңында, басталуы мен нәтижесінде Ақселеу Сейдімбеков сынды Азаматтық қанша жүйке-сезімі, денсаулығы мен арман-тілегі, жоспар-мұраты кетті десеңізші! Ет-сүйектен жаратылған пендені тірідей көрге көмумен бірдей, сол бір күндер мен апталар, айлар өтіп, жылдарға созылған қиянатқа Ақаң душар болды.

1986 жылғы дүрбелең – қазақ тарихында бедері қалған тарихи оқиға ғана емес, сонысымен де, «қазақтың» деген әрбір саналы азаматқа сын болғанын замандастарым ғана

біледі. Кімнің кім екені бір ғана сәтте ашылып қалды. Иә...Кейінгі ұрпаққа түсініксіз қалған, әрқайсымыздың жүрек түкпірімізде, о дүниеге бірге кететін сыры бар, жақсы-жаманы аралас құбылыстың жұмбақ жағы көп болған. Шетін пікірге қимайтын, өзім қатты сыйлайтын талай азаматтың сол сәттерде сыр беріп қалған-дығын көрдік, кейдік. Тіршілік үшін күресуге тиіс жәндіктің әрекетінде, ғылымдағы өзін-өзі сақтау инстинкті, деген мақұлық сезімге бой алдырған дос-туыстарымыз туралы Ақаң екеуім кейін өкінішпен еске алатынбыз. Бірақ, арым таза, шынымды айтайын, солардың әрқайсысын ақтайтын дәлел тауып, «енді қайтсын, байғұс. Онкі де дұрыс, әйтпесе...» деп көшірім бердік.

«Білім және еңбекке» сәтті тағайындалды-ау, деп күткен Ақамыз сегіз қырынан бірдей жарқырап шыға келді. Мүмкіндігі газеттен де көп басылым бетінде құлаш сермеп көсілуге, тақырып таңдауға өзі де лайық редактор, әрине, бірінші кезекте, қазақ мүддесі, қазақ тарихы мен қазақты тәрбие дегенде еркінсіп бара жатқанын қырағы көздер қырқан шалып, бақылауға алды. Енді қарап отырсам: «Ой, арманда кеткен Ақам-ау, қазаққа нең бар еді! Сені жанып жатсаң да, оттан суырып алатын қай қазағың бар еді, өңшен құлқынның құлы, қарынға билеткен мансапқор емес пе еді айналаң!» деп күйзелемін қазір. Елде қаптап келе жатқан «аралас мектеп» дегендерге Ақаң соғыс ашты. Жер бетіндегі қазақты түгендеген Мақаш Тәтімовтің зерттеу-саралау мақаласын 1986 жылдың соңғы номерлеріне екі бөліп басып жіберді. «...Осы бетімен есе берсе, алдағы уақытта Қазақстан амандық болса, 40 миллиондық ұлты бар, көпұлтты республикаға арналады. Қазақтың үлес салмағы алпыстан асып, жетіс процентке жуықтайды...», деп қуанды. Таралымы, сол кезде 73 мыңдай, «Білім және еңбек» журналы қазақ балаларының іздеп тауып, жастанып жатып оқитын білім кеніне, ұлттық намыс, жігер тәрбиесіне айналып еді.

Кейін естідік қой: «Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) Чугаев деген бөлім бастығы «Көшпелілер» ("Кочевники") деген атпен Шона Смаханұлының, Ақселеу Сейдімбектің, Мұрат Әуезовтің, Олжас Сүлейменовтің сырттарынан іс жүргізіп, қылмысты деректер жинапты...» дегенді...

Ақселеу Сейдімбектің сағын сындырып, саяси айып тағып, қаңғытып жібермек болғандар, оның кім екенін әлі де білмеген екен. Өртен жібергенде, өз күлінен қайта тіріліп шыға келген аңыздағы нағыз Феникс екенін Ақаң қазаққа танытып кетті. Бағына қарай, арайлап Тәуелсіздік таңы атты, сағынған Сарыарқасына Астана келді, өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді...

...Алматыдан пойызбен келе жатырмыз. Күпедө өнерпаз жастармен көрші болдық. Домбыра бар екен. Біздің Күлекенді (менің жұбайым – Гүлнәр) танытын тағы біреу кездесті. «Өлең айтыңыз», деп қинады. Дастархан жайылды. Гүлекен «Арман-айды» бастап жіберді. Бұл әнді ол белгілі әншілерден бөлегірек орындайтын. Бір уақытта, купе есігінен күлімсіреп Ақаң қарап тұр. «Эй, Шаншарларым-ай! Мәдидің тұқымдары қайда жүрсе, ән айтады». Сөйтсек, шеткі күпедө демалып жатып, «Арман-айды» естіп келіп тұр екен. «Гүлнәрдің жаңағы «Арман-айы» – нағыз тұпнұсқа деуге болады. Жасында, өз шешемнен осылай естіп өскенмін. Бесік тербеткендей, бірқалыпты, баяу шайқап отыру керек. Қазіргілер осы әнді құбылтып, мына жері соза тартып, бұраландатып жіберетін әдет пайда болды», деп қынжылыс білдірді. Жастар тарап кетті, үшеуіміз қазақтың әлі мен күйшілік дәстүрі туралы әрі қарай сөз еттік. «Қазақтың халық музыкасының өз дәмі бар, ол – атаңның асындық. Дәмдегіш қосып, заманға қарай құбылудың керегі жоқ», деді Ақаң. «Ол әндер мен күйлер өз заманының ескерткіштері, сол кезде-ақ толысып, пісіп, құрыналып, жөнделіп қойған. Енді біздің өңдеп, сен қосуымызды тілемейді...» дегендей біраз ой айтты. Оның музыкалық сауаты, құлақпен естіп қана емес, жүректен тыңдап, қабылдайтын сезімтал талғамын көбіміз білетінбіз. «Сарыарқасы» мен «Дәурен-айын» ұмытпасым деп бізге қалдырды ғой. Рухыңды қанаттандыратын әндер. Ақаң домбыра шертіп, күй тартса, сарғылт жүзі күреңіте құлпырып кететін. Басқаны айтпағанда, «Қазақтың күй өнері» кітабының өзі неге тұрады!

2004 жылы, шілденің басында Кекшетауда, Бұрабай алаңында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Абылай ханға арнап аспанға тіке шаншылған биік тұғырлы ескерткішті ашты. Кеудемізді қуаныш кернеп, Қазақтың рухы жалындап, кең далаға сыймай кетті. Нұрекең бір сәт қағаздағы мәтінді доғарып қойып: «...Былтырғы жылды тарих жылы деп жариялады. Абай мен Абылайды ЖЗЛ сериясымен шығаруға Ресеймен келісіп отырмын. Осы Абылай аңыз ба, шынында болған адам ба? Соны анықтап беріңдер, деп тапсырып едім, әлі ешкім берген жоқ», деді. Осы сөздің мазмұны ертеңіне «Егеменге» де шықты. Нұрекеңнің айтқаны рас еді. Ащы да болса, шындық. Бүкіл ақын-жыршы, жазушыларымыз, ақсақал-қарасақалдарымыз «Абылай, Абылай!» деп жүргенде ол туралы

нақты деректер де жиналмаған, қазақша кітап болып шықпаған еді ғой. Өңшен бір гу-гу аңыз, ертегі, қайталау, «Бұқар жырау былай депті, Бұқар жырау олай депті». «Уа, Абылай ханым сондай болған, Нұрсұлтаным да сондай!» деген сияқты жел сөз кернеп тұрған шақ.

Екі-үш күннен кейін Ақселеуге телефон соқтым. «Гүлнәр екеуіміз ақылдасып отырмыз, жинаған біраз архивіміз бар, ішіндегі жетісі таза құжат. Бұрын жарыққа шықпаған. Орысша басылған ескі жинақтар бар ғой. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында 500 беттік кітап дайындадық. Бірақ, бастыратын ақша жоқ. Әуелі университеттің баспаханасынан газет қағазына, жұқа мұқабамен бір елу данасын бастырып алдым. Оларды адам түсінбейді, ескі орыстың тілінде, стилистикасы қиын, тыныс белгілері жоқ... Соларды екшеп, қорытып, қазақшалап шығармақ ойымыз бар», деп ақылдастым. Қолдады. Деректану тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Бір жылдың мұғдарында

Құттықтаймыз!

Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының тұрғыны, ардақты әкеміз **Дияс Мұстафаұлы НАУРЫЗБАЕВ** 85 жасқа толып отыр. Әкеміз бұл жасқа оңай жеткен жоқ. Әкесінен туған бетте айрылды. Ал, анасынан 5 жаста көз жазып қалды. Жас бала жақын-дарының қолында өсті. Тағдырдың ащы сынағына мойын бұра қоймады. Білімге құштар болды. Мектеп қабырғасын озат бітірді. Жоғары оқу орнына да түсті. Білікті педагог бола білді. Қарағанды облысына еңбегі сіңген ұстаз, Қазақ Социалистік Совет Республикасының білім беру озаты атағының иегері. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, бірнеше шәкірт тәрбиелеп шығарды. Ұстаздық қызметін адал атқара білді. Анамызды жолықтырып отау құрды. Қазір 6 баладан 12 немере, 7 шөбере сүйіп отыр. Балаларының бойына адамгершілік, адалдық, еңбекке құштарлықты сіңіре білді. Міне, соның арқасында балалары әр салада абыройлы қызметтер атқарып жүр. Қазір қарашаңырақтың төрінде отыр анам екеуі. Біз асыл қазыналарымызға амандық тілейміз.



Қиясына өмірдің өрлеп келді, Ел-жұрты үшін ерінбей еңбектенді. Ардақты да ақылшы әкешіміз, Бұл жасқа да сергек келді.

Еркелетіп немере, шөбересін, Ұрпағы өсе берсін, өне берсін. Құдайдан күнде біздің тілеріміз, Тіршіліктің қызығын көре берсін.

Құттықтаушылар: жұбайы – **Рауза**, балалары – **Думан-Бақыт-гүл, Салтанат-Ерлан, Нұрлан-Жанара, Ардақ-Айсұлу, Нұралы-Роза, Гүлдана-Ғани** және немерелері – **Марлен-Гауһар, Әбілқайыр-Айжан, Айдана-Ержан, Мирас, Айжас, Жаннұр-Бану, Арнұр, Адина, Мәди, Медина, Иманғали, Даниял, шөберелері – Арғын, Айша, Әмір, Әлім, Әдия, Аяла, Әли.**

Т/Б

Құттықтаймыз!

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының тұрғыны, жездеміз **Саят ҚАЛАМАНҰЛЫН** 63 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Айналаңыз қуанышпен шаттыққа, бақыт пен табысқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын! Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек барма одан асқан.

Аман боп жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан!

Тілек білдірушілер: **Ізбасар Құлпейісов әулеті.**

№255

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген үлгілер үшін
• жеңілдетілген үлгілер үшін
• тракторлар және ауылшаруашылық техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР САТΠΑЙМЫЗ, ЕЗ АРАҢДАҒЫ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Шахмат



Азулы командаға төтеп берді

Құрылғанына биыл 10 жыл толғалы отырған ардагер ойыншылардың «Ардагер – 2012» атты белгілі шахмат командасы осынау жылдар бойы шахмат өнерін ересектер мен жастар арасында тынбай насихаттап келеді. Пандемия карантині босаңсытылған сәттердің өзінде санитарлық ережелерді сақтай отырып, түрлі жарыстар мен кездесулер өткізіп тұрды.


Жақында ардагер шахматшылар Кеңшілердің мәдениет сарайының «Салт-дәстүрлер залында» «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ Көмір департаменті сияқты алпауыттың азулы командасын қонаққа шақырып, жолдастық кездесу өткізді. Азулы дейтін себебіміз, қонақтар қатарында облыстық жарыстарда жүделі орындардан көрініп жүрген спорт шеберіне кандидаттар – Геннадий Пак, Павел Валаев, Сергей Игнатев, Шахтинский чемпионы Николай Примачков сияқты ойыншылар бар. Сондай-ақ, жастары сексеннен асқан Виктор Абраменков пен Сағади Усенов те ешкімге есе бере қоймайды.

«Алаң иелері» де осындайда бәйгеге қосатын саңлақтарын сапқа қойды. Спорт шеберіне кандидаттар – Төлеу Ақашев, Сергей Корабелников, осы жолдардың авторы мен 85 жастағы Иван Козлов қарсылыстан қаймыға қоймады. Кездесу аса тартысты өтті. Көмір-

шілер командасының тегеуріні мықты болды. Дегенмен, бірінші кездесуде ақ түспен ойнаған ардагерлер командасы 4:4 есебімен тең ойынға қол жеткізді. Жанкүйерлер қарымта ойында да осындай нәтиже тіркелетін шығар деп үміттенген еді. Бірақ, тәжірибелі ойыншы Есентай Сәрсекеев қарсыласының бірнеше рет тең ойынға келісу жөніндегі ұсынысын қабылдамай, ақыры ұтылып қалды. Сөйтіп, көміршілер командасы бір ұпай артықшылықпен жеңіске жетті.

Жарысқа қатысушыларды облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жазкен Томпиев, Көмір департаменті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Николай Байызбаев құттықтады. Жеңімпаз командаға ауыспалы кубок, жарысқа қатысушыларға Алғыс хаттар беріліп, сый-сияпат жасалды. Мұндай жолдастық кездесулерді дәстүрге айналдыруға келісілді.

Аман **ЖАНҒОЖИН**.
Суретті түсірген **Ю.КОРОТКОВ**.



36 мың отандасқа әлеуметтік төлем бар

2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жұмысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) әлеуметтік төлем алушылардың саны 36,2 мың адамды құрады. Бұл ретте 26,4 мың төлем осы жылы алғаш рет тағайындалды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Жұмыстан босатылған қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған табыстың 40%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыстан босатылған қызметкерге төлем тағайындау үшін:

- eGov.kz порталында тіркелу қажет;
- «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;
- барлық жолдарды толтырып, қызметке онлайн тапсыры беру және ЭЦҚ-мен қол қою арқылы өтінімді жіберу;
- бір күн ішінде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – ХЖҚО) бос жұмыс орындарын ұсынады;
- егер жұмыс табылмаса, үш

жұмыс күні ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда қосымша ақпарат жинау үшін өтініш берушімен ХЖҚО қызметкері хабарласады).

Бұл қызметті онлайн-режимде электрондық еңбек биржасы арқылы да алуға болады (elnsbk.kz). Жұмыссыз ретінде тіркеу туралы ақпарат болған жағдайда, МӘСҚ ақпараттық жүйесі проактивті форматта Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлемдерді тағайындау қызметін көрсетуге келісім беру үшін ұялы телефонға SMS хабарлама жібереді. (elnsbk.kz). SMS хабарламаға жауап беруіңіз керек. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘСҚ қаражаты есебінен жұмысынан айырылған жағдайда Желнетін әлеуметтік төлемдер жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адам жұмыс іздеп жүрген кезеңде оны қолдауға арналған.

Өз тілшімізден.

Тіл – тұғыр

Көптілді оқыту – заман талабы



Елбасы Н.НАЗАРБАЕВ «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек» деген еді. Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» – «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алған.

Қазақстан Республикасындағы тілдердің үштұғырлылығы – елдігімізді одан әрі нығайтуға бағытталған тұжырымдама. Көптілді адам қай қоғамда да сұранысқа ие. Бұл оның бүгінгі қоғамдағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Адамның көптілді санасының дамуы ақыл-ой, ауызша және жазбаша қарым-қатынас арқылы сөйлеуді дамыту арқылы өтеді. Сөйлеуді дамыту – ойлауды дамыту. Сөйлеу әрекеті ішкі процесті ойламай және алға жылжытпай мүмкін емес.

Ағылшын тілін жетік меңгеру үшін мектеп бағдарламасына пәнді 1-сыныптан бастап енгізіледі, ендігі кезеңде жаратылыстану – математика бағытында сабақ беретін пән мұғалімдерін ағылшын тілін деңгейлерін негізге ала отырып оқытуда. Бұл бағдарлама негізінде пәнді жетік меңгеруге көмек ретінде қарастыруға болады.

Ағылшын тілі халықаралық қатынас құралы ретінде әлемде жетекші орын алады. Бұл ең алдымен жоғары технологиялардың (ғарыштық, ақпараттық лазерлік технологиялар, био- және нанотехнологиялар) және экономика және аймақтардың дамуы үшін және, әрине, азаматтардың өздері үшін маңызды. Табысты жұмысқа орналасу мен мансапқа жету мүмкіндігін алғысы келетін кез келген адам кем дегенде бір шет тілін жетікпен деңгейде білуі керек.

Үштілділік саясатын негізге ала отырып өткізілген сабақтардан тәжірибеммен бөлссем...

Дайындық негізінде сабақ барысында терминологиямен ғана жұмыс жүргізіледі, дегенмен өз тәжірибемде өзімді және оқушыларымның тілді қолдана алуына бейімдеу негізінде күнделікті сабақ барысында қолданысқа ие сөздер де қолданысқа алынды.

Өткізілген сабақ биология пәні бойынша 10-сынып оқушыларына «Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары» тақырыбы аясында болды. Сабақ мақсатына сай оқушылар хромосомалық аурулардың себептерін оқып-біліп, хромосомалық аурулардың пайда болу механизмдерін түсіндіре алуы. Сабақ басы амандасу, яғни ағылшын тілінің «Good afternoon children. How are you? How is your mood?» Сұрақтарымен басталып, сабақ барысында мұғалімнің бағалары GOOD, EXCELLENT, GOOD JOB, VERY GOOD, WELL сөздері арқылы жүргізіліп, оқушылардан кері байланыс YES I UNDERSTOOD, NO I DON'T UNDERSTAND жауабымен алынды. Сабақ тапсырмалары ағылшын тілінде беріліп, жаңа технологиялар қолданысқа ие болды. Ең бастысы жоба негізіне сай терминологиямен жұмыс жасалып, оқушылардың оқылым, айтылым дағдыларына көңіл бөлінді. Онда chromosome, aneuploidy, Down syndrome, Patau syndrome терминдерімен жұмыс жүргізілді.

Әсем **АЙҒОЖИНА**,
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның биология пәні мұғалімі.
ШЕТ ауданы.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі «Аманат» партиясы ҚОФ атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбековке ағасы **Өмірбек АЛТЫНБЕКОВТИҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бала – болашағымыз

Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ертегінің қай түрін алсақ та, ол баланың қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын молайтады. Осы орайда балабақшада «Әжемнің ертегісі» атты жоба қолға алынды. Мұнда балалар өздерінің ата-аналарымен бірлесіп, ертегі кітаптарды оқиды.

«Әжемнің ертегісі»



Балабақшада «Әжемнің ертегісі» жобасына сай ертегі орталығы, шағын кітапхана, театр-ойын орталығы құрылған. Орталықтарда ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, театр түрлері, үстел үсті театры, қуыршақ театры, көлеңке театры, қолдан жасалған ертегі кітаптары қамтылған. Жыл бойы балалар мен тәрбиешілер ертегілер желісі бойынша театрландырылған көрініс қояды. «Әжемнің ертегісі» жобасы негізінде көптеген әдіс-тәсілдер қолдана отырып, «Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық», «Шалқан», «Шұбар тауық», «Түлкі мен тырна», «Жеті лақ» ертегілерін жиі оқып, әңгімелеп, суреттерді талқылау арқылы балалар өз ойын еркін жеткізуге машықтанады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын рөлі зор. Сондықтан, балалар әжелерімен айына екі рет ертегі оқу

кешін ұйымдастырады.

Ертегілер арқылы баланың сөздік қоры кеңейеді, диалогты бұрыс құруға көмектеседі, логикалық қисындар сөйлеуге үйренеді.

Кішкентай балалармен қарым-қатынас жасау және оларды тәрбиелеу арқылы біз балалық шаққа оралып, балаша қуанған сәттеріміз ойға оралады. Балаларды ертегілердің сиқырлы әлемімен таныстыра отырып, біз олардың сөзге деген сүйіспеншілігін және ертегіге деген қызығушылығын арттыруға сеп боламыз.

Балаларға арналған ертегілер тек ойын-сауықтан басқа танымдық жағын да қамтиды. Ертегі бала ұғымында «жақсылық» пен «зұлымдық» қалыптастырып, аражігін ажыратуға, өзін тұлға ретінде және үлкендерге құрметпен қарауға баулып, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді

және сөздік қорын байытады.

Ертегі арқылы бала бұл әлемдегі өз орнын біледі, жақсылық пен зұлымдық, достық пен қастық, батылдық пен қорқақтық туралы ұғым қалыптастырады. Балабақшада оқуға берілетін ертегілер балаға адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырады.

Балаға ертегі оқыту – бұл ең алдымен жүрек тәрбиесі, адамның асыл қасиеттерін баланың жан дүниесіне бойлату.

Жоба аясында алдағы уақытта да көптеген жұмыстар өз жалғасын таппақ.

Ж.МҰСТАҒҰЛОВА,
«Золушка» бөбекжайының тәрбиешісі.

АБАЙ қаласы.



КСРО Халық әртісі Шолпан ЖАНДАРБЕКОВАНЫҢ туғанына – 100 жыл

Шолпан жаққан жұлдыздар шоғырланды



КСРО және ҚазССР-нің халық әртісі Шолпан ЖАНДАРБЕКОВАНЫҢ 100 жылдық мерейтойына орай С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында баспасөз мәслихаты өтті. Мерейлі шараға Шолпандай таңшолпанның сәулесінен нәр алып, түлеп ұшқан шәкіртері шоғырланды. Атап айтар болсақ, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін ЖУАСБЕК, Нүкетай МЫШБАЕВА, Бижамал КЕМАЛОВА, Данагүл ТЕМІРСҰЛТАНОВА, Кеңес НҰРЛАНОВ. Сондай-ақ, конференция жалғасы «Театр Таңшолпанына» арналған көрмеге һәм ол туралы шыққан жинақтың тұсау-кесеріне ұласты.

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шолпан жаққан жұлдыздар осынау шарада бас қосып, біраз естеліктерімен бөлісті. Аңызға бергісіз әңгімелер айтылып, актрисаның бойындағы асыл қасиеттері тілге тиек етілді.

– Біздің группаның бір қызы тым ұяң болды. Алда емтихан. Ол қыз емтиханда Н.Островскийдің «Свои люди – сочтемся» атты туындысының басты рөлін сомдауы тиіс. Шолпан апай оны қалай дайындаса да ұяңдығы басып рөлін сомдай алмады. Бір күні апай аудиторияда отырғанымызда арамдыдан біреуге шампан алдырды. Оны құйып әлгі ұялшақ қызға беріп тұрып: «Тартып жібер» – деді. Ана қыз азарда-безер болып «ішпеймін» деп, содан Шолпан апай «ішесің» деген қатқыл үн қатқан соң еріксіз тартып салды. Шампанды ішіп алуы сол екен, әлгі группаласымының жанары жарқырап, жүзі жайнап шыға келді. Образын тамаша алып шығып, емтиханның жоғары баға алды. Тіпті, кейін де сол күнгі шеберлігінен жаңылмай оны ары қарай ұштай түсті. Содан Шолпан апамның айтақыны «Мынаны ешкім естемесін. Мен амалдың жоқтығынан бардым осы іске» деп, шарап толы шөлмекті төгіп тастағаны, – деп еске алды шәкірті Данагүл Темірсултанова.

Мінекей, бұл ұстаздың шәкіртінің мақсат мұратына жетуі жолында дем беруі секілді. Жалпы, Шолпан Исабекқызы алдына қойған мақсатқа жетудің шебері. Ол еліне ақ адал өнермен, бірегей болмысымен танылған театр майталманы. Тіпті, өмірінің соңғы жылында да ел алдына шықпақшы болғанда шәкірті, қазірде Қазақстанның халық әртісі атанған танымал тұлға Нүкетай Мышбаевадан өзінің сәнін келістіріп, бетін әрлеуін өтінген.

– Мен өмірімнің соңына дейін халқымының жадында олар таныған Шолпан болып қалуым керек. Олар театрға деген, өнерге деген қызығушылығын жоғалпауы тиіс – дегені Шолпан Жандарбекованың біршама ойға жетелер тағылымды нақыл іспеттес.

Тағы бір тоқталар ерекшелік Сәкен театры бұрышынан орын алған шағын көрме. Онда Ш.Жандарбекова сомдаған Баян Сұлу, Ақтоқты, Қыз Жібек секілді сұлулардың бейнесі топтастырылған. Тіпті, әр образдағы Шолпан Исабекқызы өзіне-өзі ұқсамайды. Қатар тұрған қос суретті салыстырсаңыз екі

бөлек жан секілді. Бұл да бір актерлық шеберліктің шарықтау шыңы шығар. Көрмеде және 1958 жылы атақты қазақ кино патшасы Шәкен Айманов арнайы С.Мұқановтың «Ақын трагедиясындағы» Ақтоқты бейнесіне тіктірген көйлегі тұр. Көйлек қызыл пүлштен тігіліп, жаға жеңі алтын түстес тесмамен көмкерілген. Сәні өз алдына, қиылған қыпша белдің өзі көйлек иесінің талғамының тым ерек болғанын жеткізгендей.

– Сонау 1958 жылдан бері сақталған көйлек бұл. Еш жері өңделмеген. Енді ойла-нып қарасаңыз Шолпан апай бұл көйлекті бірнеше жыл киді. «Ақын трагедиясының» әр қойылымында делік мысалы. Ал, қойылым ол бір кез ғана болып қоя салатын кино емес. Жыл сайын бір өлшемдегі көйлекті кино ол екінші бірінші қолынан келмейтін іс. Апаи өзіне өнері үшін, халыққа берер мұрасы үшін қатты қараушы еді – дейді шәкірті Нарғыз Асанжанов.

Көрменің де мәні мол. Үңілсеңіз қойылған әр затта Шолпан апайдың сыры жатыр. Ол қызыл пүлш көйлек болсын, жеңі жұқа байлам болсын бәріңде тіл бар сырлассаңыз... Сөйлеп тұр.

Сонымен қатар, тарихшы Ерғазы Қадашұлының құрастыруымен жарық көрген «Шолпан-жұлдыз» жинағының сахнада тұсауы кесілді. Кітапты ортаға әкелмес бұрын ақын һәм осы жинақтың атының қойылуына себепкер болған өлең авторы Жәлел Қуандықұлы шығып «Шолпан-жұлдыз» арнауын оқыды. Жинақтың соңы да осы өлеңмен түйінделген. Жалпы, бұл жинақтың да өмірге келуі оңай болды десек жаңылғанмыз. Құрастырушы Ерғазы ағамыз біршама ізденістер жолында жүріп, кітаптың сүйегі қалыптасқан тұста демеуші Ерлан Әшімге шығып, оның осынау тарихи мұраға демеуші болуын өтінген. Бүгінде қолыңызға алған жинақтың арқалаған аманаты атан түйеге жүк болардай-ақ.

Тұсаукесерден соң, сахнаға облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов шығып, Шолпандай тұлғаның ел мақтанышы екенін айтып, көрермен қауымға ыстық ықыласы мен құттықтауын білдірді. Мұнан соң, бүгінде көрермені Шолпан Жандарбековаға ұқсатқан шәкірті Данагүл Қайырсапқызы мен және бір талантты шәкірті Бижамал Кемалова, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Тілеуқұлұлы «Шолпан-жұлдыз» кітабының лентасын қиып, жиылған жұртты қуанышқа бөледі.



Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Кино – бұл барлық іш пыстырар жері қиылған өмір» демей ме атақты кинорежиссер Альфред ХИЧКОК?! Театрда қойылған қойылымда да кешегі өмір бар. Тек берері мол, мұраға толы кезеңдері ғана қамтылған. Бұлай деуімізге себеп – Шолпан ЖАНДАРБЕКОВА салған сара жолды ұстанған М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры қойған, режиссер Әубәкір РАХИМОВТІН «Отыз ұлың болғанша» комедиялық қойылымы.

Қойылым жеңіл, әрі жанры комедия болғанымен, терең ойға жетелер тұсы біршама. Мұны тамашалаған көрермен қауым да аңғарғандай. Қарттар үйін паналаған төрт кейуананың оқиғасы бұл. Оның бірі – сөзге ширақ, күйеуге тимеген, шаш ал десе, бас алатын, аздап шарап жұтып қоятын Ақлима (Рашида Хаджиева). Екіншісі – жуас, жайбасар Фатима (Ғайниқамал Байқошқарова). Үшінші кейіпкер – партияға адал, тек тәртіпке бағынатын Сәлима (Нүкетай Мышбаева). Төртіншісі – арбаға таңылған, мылқау Бибіхан (Салиха Қожақова). Осы тұста айта кетерлігі Шолпан Исабекқызы қартайған шағында сомдаған ең әсерлі рөлі де осы Бибіханның образы еді. Аяқ қолдан сал болған, кемтар кемпірдің Абдолладай ауыл шалына аңсары ауып, көңіл білдіруі, осының себебінен мылқау тілі шығып, аяқ-қолға жан бітінде мағына бар мән бергенге. Жалғыздық – тек Құдайға жарасады

– Табылса егер іздегенім, төсегіме жатқызар едім, құшағында оянып, арайлап таңды атқызар едім, – деп келетін сөзі бар Ақлима кемпірдің. Расында, мейлі қай жасқа келсек те адамның жаны адамды қалайды ғой.

Сүйінші!

Шолпан есімі – Алматы төрінде

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алатаудың баурайынан ақжолтай хабар жетті. Қазақ театр өнерінің негізін қалаушы алыптар тобының көрнекті өкілі, КСРО және Қазақ КСР-нің Халық артисі Шолпан ЖАНДАРБЕКОВАНЫҢ атына Алматы қаласы, Бостандық ауданынан көше берілмек.

Атақты актрисаның 100 жылдығы аясында жүзеге асып отырған бұл игі іс – күллі Арқа жұртына ортақ қуаныш.

Жардың орнын Жан басқас



Себебі, тән қартайса да, жан қартаймақ емес. Жас мөлшерін жанына серік қылған бүгінгі жандарға кеңес болсын, сезім мен көңілдің ауылы әрқашан іргеде тігулі тұр. Кіреміз десеңіз, есігі ашық. Тек қоғамның келте пікірі мен сан соғар қаңқу әңгімесіне төтеп берсеңіз...

Оқиға желісі де – осы. Қайтыс болған күйеуін аңсаған қос қария Фатима мен Сәлима назданса, шалдары туралы естелігін айтып, ал, Ақлимада ол да жоқ. Өзі ойдан құрап алған кавказ жігіті мен грек жігінен басқа. Ол қиялын әркімге бір айтып, өткеніне қосақтап қойған. Өмірінде болмаған еркектерді шындей етіп, қиялындағы қос ханзадасын сөз етеді. Күнделікті күңгірт тірліктің шырқын қарттар үйінің басшысының үйге бір еңгезердей, көрсе, көз тоярық Абдолла шалды (Саят Мереке-нов) әкелуінен басталады. Әлгі шалды бастық сатып алған түйелерін тағалау-

ға арнайы алдырыпты-мыс. Шал «қыздарға барам» деген соң ғана осында алып келгенін айтады. Режиссер осы бір кезеңде қызметін асыра пайдаланғандарға құлаққағыс қылғысы келді-ау. Олай деуімізге себеп о заман да бұл заман қарттар үйі қонақ үй емес қой, танысыңды, қонағыңды қондырар.

Есіктен кіре именген шал таңырқай қараған Ақлиманы көріп, тілі күрмеліп, орнынан қимылдамай қалады. Ақлима шалды айналсоқтап, қырық қылығын қылшылдатып, қылмындай бастайды. Әп-сәтте төрт құрбының арасында шалға таласып, алауыздық туады. Әйтеуір, әр кемпірдің мінезі мен болмысы бөлек болғанымен, қалаулары бір түбінде. Ол – ауылда ағаш үйі бар Абдолла шалға тию. Тіпті, қол-аяғы жансыз Бибіханға да жан бітіп, шалдың соңынан ермек-



ке бекінеді. Неге десеңіз, шал келеді де, төрт бейбақтың қараңғы тағдырын жарқ еткізеді. Бұл жерде еркек пен әйелдің тұтас ұғым екені дәл бейнеленген. Екі жаратылыстың бірін-бірі толықтыру үшін жаралғандығы және бар. Дәл осы тұста қартайған құрбылардың зейнетақысы турі деген хабар келіп, буынып-түйініп кеткелі жатқан төрт кемпірдің көңіліне алаң кіреді. Почепаға ақшаға барса, өмірлерінің мәніне айналған шал жалғыз қалады. Шалдың қасында қалып, етегінен ұстар болса, құрғыр дүние де керек. Әйтеуір, әр кедергіні айналып өтіп, ауылға аттанғалы жатқан бес қарияны бастықтың суық хабары бөгеп тастайды. Ол шалдың ауылдағы ағаш үйін сатып жіберген екен. Бұл – түйін. Күнімен шалдың етегіне жармасып, шайын қойып, киіндіріп бәйек болған төрт кемпір керулеттегі орындарына жата қалады. Шал босағанда сұндық күйде тұр. Үй ішінде үнсіздік.

Қария, ақсақал деп қартайған жандарды қанша ұлықтасак та, оларға шүйіркелесіп ұшыр шәкіртінен керек. Мейлі баласы болсын, мейлі байлығы тасып жатсын жардың орнын жан баса алмайды. «Отыз ұлың болғанша»...



Дүние долларға байланып тұр ғой. АҚШ валютасы – жаһандағы ең танымал ақша. Біз бүгін осы долларға қатысты бірнеше дерек ұсындық...

«Доллар» атауы «Йоахимсталер» сөзінен

шығады. Бұл – қазіргі Чехияның Йоахимстал қаласында XVI ғасырда шыққан монетаның аты. Кейін «Йоахим-» түсіп, «талері» қалған. Талерден «доллар» тамыр тартады. Доллар 1792 жылы АҚШ валютасы

ретінде бекіді. Ең көп таралған банкноты – 1 доллар. Бүгінге дейін басылған банкноттардың тең жартысы – 1 долларға тиесілі. Ал, үлкен номиналы – 100 мыңдық, 1969 жылға дейін қолданыста жүрді.

АҚШ-та күніне 35 миллион банкнот басылады. Құны – 635 млн доллар шамасында. Тиісінше, сондай сома айналымнан алынады.

Марқан терген
Нұрқанат ҚАНАПИЯ.

Доллар

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 10 184 дана

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШК ИЕСІ:
«Saryagat aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор Қамбар Жұмағалиұлы АХМЕТ
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің
Бас редакторы
Ерсін Кәрібайұлы МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Лияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ
Шеф-редактор
Нұрқанат Нұрмұхамбетұлы ҚАНАПИЯ
Жауапты хатшы
Қызғалдақ Асқарқызы АЙТЖАН

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-38-33
Шеф-редактор: 43-57-76
Жауапты хатшы: 43-49-73
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шег: 8-771-193-44-74;
Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70;
Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев, Жаңаарқа,
Ұлытау: 8-777-573-01-58;
Қарқаралы: 8-702-638-56-85.

Газет жеткізілмесі 41-26-82, 43-57-88
телефондарына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

